



АЛМАТЫ РЕКОРД ОРНАТТЫ

2-БЕТ



ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

қала өндірісінің
қарқынды бағыты

4-БЕТ



ТӘРБИЕ – ТҰҒЫР, ТӘЛІМ – ТҰТҚА

9-БЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ

жаңа кезеңге жол ашады

23 тамыз – еліміз үшін маңызды тарихи күн ретінде есте қалды. Қазақстан Республикасының алғашқы бір палаталы Құрылтай сайлауында ел азаматтары өз таңдауын жасады.

Елордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік сарайында орналасқан №520 сайлау учаскесінде Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауында дауыс берді. Дауыс беруден кейін Мемлекет басшысы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

Президент Құрылтай сайлауының маңызы айрықша екенін атап өтіп, бұл саяси оқиға ауқымды өзгерістердің жаңа кезеңіне жол ашатынын айтты.

– Шын мәнінде, бүгін – еліміз үшін тарихи күн. Тұңғыш рет бір палаталы Құрылтай сайлауын өткізіп отырмыз. Бұл – маңызды тарихи оқиға. Біз біртұтас ел болып, ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Мұны бәріңіз білесіздер, куә болып отырсыздар. Ойдағыдай нәтижелерге қол жеткіздік. Дегенмен, алдымызда тұрған жұмыс ауқымды, мақсатымыз маңызды деп айтуға болады. Бүгінгі сайлау – осы жұмыстың бастауы ғана, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан соң Мемлекет басшысы алғашқы Құрылтай сайлауына және елдегі өзгерістерге қатысты бірқатар сауалға жауап берді. «Хабар» телеарнасының тілшісі Сағыныш Әбікейдің «Сіз конституциялық реформа тарихи өзгерістердің бастамасы екенін, ал түбегейлі жаңғырту жыл соңына дейін, тіпті, келесі жылы да жалғасатынын айтқан едіңіз. Құрылтай мен Қазақстан Халық Кеңесі іске кірісіп, Вице-Президент лауазымы тағайындалғаннан кейін елде қандай өзгерістер болады?» деген сұрағына:

– Жұрттың бәрі Вице-Президент лауазымы туралы сұрап жатыр. Расында, бұл – айтулы өзгеріс. Біз Конституциямызға жаңа лауазымды арнайы енгіздік. Себебі, қазіргі бұлыңғыр заманда мұндай лауазым елімізге өте қажет. Келесі аптада немесе он күн ішінде Вице-Президент кім екені мәлім болады. Мен оны қазір анық айта алмаймын. Ол белгілі, сіздер жақсы білетін адам болады деп ойлаймын. Тағы басқа реформаларды іске асырамыз. Мысалы, Қазақстан Халық Кеңесінің жұмысын жандандыру қажет. Халық Кеңесі дегеніміз – жаңа орган. Кейбір азаматтар Ассамблея туралы сұрап жатыр екен. Халық Кеңесі Ассамблеяның атқарған қызметін одан әрі күшейтеді деп ойлаймын. Бұл көпфункционалды, жаңа саяси тетік деп айтуға болады. Сондықтан Кеңестің жұмысы жемісті болатынына кәміл се-

немін. Жалпы, жоспарымыз өте ауқымды. Осыған дейін айтқанымдай, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналуы керек. Әр облыс орталығында немесе аудандар мен қалаларда ірі құрылыстар жүргізіледі. Емханалар, балаларға арналған оңалту орталықтары, басқа да нысандар салынады. Астанада жаңа көпір, Домбыра сарайы, Су ресурстарын зерттеу орталығы секілді маңызды нысандар бой көтереді. Қалаларды абаттандыру керек. «Таза Қазақстан» акциясын ойдағыдай жалғастыру қажет. Сондықтан қол қусырып отыруға болмайды. Бәріміз бір ел болып іске кіріскеніміз жөн. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ, Отан үшін бәріміз күш салуымыз керек. Жалпы, саяси науқан жақсы өтті. Себебі, жұрт алдына жаңа тұлғалар шықты, ұтымды идеялар айтылды. Бұл Құрылтай еліміздің дамуына тың серпін береді деп ойлаймын», – деп жауап берді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Президент алдағы Құрылтай мен Үкімет жұмысына қатысты да ел көкейіндегі сұрақтарға жауап беріп, реформалардың негізгі бағыты, жастардың саяси рөлі және жасанды интеллект пен жаңа технологияларды дамыту бойынша маңызды ойларын жеткізді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: <https://www.akorda.kz/>).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



АЛМАТЫ РЕКОРД ОРНАТТЫ



23 тамызда өткен Құрылтай сайлауы Алматының саяси өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі болды. Дауыс беру туралы алдын ала жарияланған дерек бойынша Алматыда сайлаушылардың 43,23% сайлауға қатысқан. Бұл Парламент сайлауы бойынша соңғы 20 жылдан астам уақыттағы ең жоғарғы көрсеткіш. Мұндай рекордтық нәтиже алматылықтардың қоғамдық-саяси үдерістерге қызығушылығы артып, азаматтық белсенділіктің жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетеді.

Ең жоғары көрсеткіш

Алматыдағы сайлау белсенділігінің тарихи динамикасына көз жүгіртсек, биылғы нәтиженің мәні айқын көрінеді. 2004 жылғы Мәжіліс сайлауында алматылықтардың 41,1% дауыс беруге қатысқан. 2007 жылы бұл көрсеткіш 25,24% төмендеген. 2012 жылғы сайлауда 41,38% қайта көтерілді. 2016 жылы 33,8% болса, 2023 жылғы Мәжіліс сайлауында 25,82% деңгейінде тарихта қалды.

Ал 2026 жылғы Құрылтай сайлауында Алматыдағы қатысу көрсеткіші 43,23%-ға жетті. Осылайша 2004 жылғы көрсеткіштен 2,13 пайыздық тармаққа, 2012 жылғы нәтижеден 1,85 пайыздық тармаққа жоғары болды. Әсіресе, мұнда 2023 жылғы Мәжіліс сайлауымен салыстырған маңызды. Ол кезде Алматыдағы сайлаушылардың 25,82 пайызы дауыс берсе, биыл бұл көрсеткіш 43,23 пайызға жетті. Өсім 17,41 пайыздық тармақты құрады.

Саясаттану тұрғысынан бұл өзгерісті тек сайлау науқанының нәтижесі ретінде бағалауға болмайды. Әдетте, Алматыдағы азаматтық

белсенділік әлеуметтік желідегі пікірталастардан немесе қалалық мәселелерді көтеруден көрінеді. Ал қазір ол сайлауға қатысу арқылы көрініс табуда.

Дауыс беру динамикасы

Құрылтай сайлауындағы жоғары көрсеткіштің тағы бір ерекшелігі сайлау күні бойы тіркелген динамикадан байқалады. Төменде берілген салыстырмалы кестеге сәйкес, 2026 жылғы Құрылтай сайлауында Алматыдағы дауыс беру көрсеткіші сағат 10.00-де 9,96% құрады. Бұл көрсеткіш күні бойы өсіп, сағат 20.00-де 43,23%-ға жетті.

Бұл динамиканы 2023 жылғы Мәжіліс сайлауымен салыстырғанда, айырмашылық одан да анық көрінеді. 2023 жылы дәл осы уақыттарда Алматыдағы қатысу көрсеткіші үнемі төмен болған. Яғни Құрылтай сайлауында Алматыдағы белсенділік таңертеңнен бастап 2023 жылғы көрсеткіштен жоғары болды. Сағат 10.00-де айырмашылық небәрі 1,45 пайыздық тармақ болса, түске қарай ол 6,62 пайыздық тармаққа жетті. Сағат 14.00-де айырмашылық 14,98 пайыздық тармақты, 16.00-де 17,51 пайыздық тармақты, ал сағат 18.00-де 18,11 пайыздық тармақты құрады. Сайлау аяқталған кезде екі көрсеткіштің арасындағы айырмашылық 17,41 пайыздық тармақ болды.

Бұл ерекше назар аударуға тұрарлық статистикалық мәлімет. Себебі, жоғары қорытынды көрсеткіш тек күннің соңында қалыптасқан жоқ. Керісінше, күні бойы Алматыдағы белсенділік 2023 жылғы Мәжіліс сайлауындағы деңгейден тұрақты түрде жоғары болды. Мұндай жоғары көрсеткіш алматылықтардың сайлауға қатысуға құлшынысы артқанын көрсетеді. Қала тұрғындары дауыс беруді қоғамдық өмірдің маңызды бөлігі ретінде қабылдай бастағанын осы динамикадан да байқауға болады.

САРАПШЫЛАР АЛАҢЫ



Жомарт СИМТИКОВ,
саясаттанушы:

АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ӘСЕРІ ЗОР БОЛДЫ

Құрылтай сайлауынан алматылықтардың қоғамдық, саяси үдерістерге деген қызығушылығының айтарлықтай артқанын көріп отырмыз. Оны қала тұрғындарының азаматтық ұстанымын білдірудегі белсенділігінің жоғарылауы деп бағалауға болады. Бұл нәтижеге, ең алдымен, Алматы жастарының қоғамдық белсенділігінің артуы, зиялы қауым, ғылыми және білім беру саласының өкілдері тарапынан азаматтық жауапкершілікті ілгерілету, сондай-ақ сайлау үдерісін ұйымдастыруға бағытталған ақпараттық және ұйымдастырушылық жұмыстар әсер етті деп айтуға болады.

Әсіресе, жастар арасында сайлаудың маңызын түсіндіруге, азаматтық жауапкершілік пен саяси мәдениетті арттыруға бағытталған кездесулер мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Қоғамдық пікірді қалыптастыруда зиялы қауым мен ғылыми орта өкілдерінің де рөлі ерекше.




Айбар ОЛЖАЙ,
сарапшы:

АЛМАТЫ ІШКІ РЕКОРДЫН ЖАҢАРТТЫ

Алматы қаласы өзінің физиологиялық ерекшелігіне байланысты дәстүрлі түрде елдегі электоралдық белсенділігі ең төмен өңірлердің бірі болып келген еді. Алайда, биылғы Құрылтай сайлауы осы қалыптасқан үрдістің өзгеріп келе жатқанын көрсетті.

Ең маңызды өзгеріс мынада. Алматы сайлаушысы қайтадан дауыс беру процесіне орала бастады. Бұл сыни ойлау деңгейі жоғары ерекше электорат. Мұнда халықтың білім деңгейі жоғары, ақпаратты көп тұтынады, саяси ұсыныстарды салыстырады, әлеуметтік желілердегі пікірталастарды мұқият бақылайды. Сондықтан Алматыдағы сайлау белсенділігінің өсуін жәй ғана әкімшілік мобилизациямен түсіндіру жеткіліксіз. Керісінше, адамдардың «менің дауысымның маңызы бар» деген сезімі күшейе бастағанын да ескеруіміз керек. Алматы Құрылтай идеясын қабылдады. Партияларға сеніп отыр. Енді саяси институттар осы сенімді ақтайды деп ойлаймын.



Рустам ҚАЙРИЕВ,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ӨТЕ ЖАҚСЫ БЕЛГІ

Өткен Құрылтай сайлауын шын мәнінде тарихи сайлау деп атауға болады. Ең алдымен, сайлаушылардың белсенділігі қуантты. Әсіресе, соңғы уақыттағы сайлаулар арасында Алматыда сайлаушылардың қатысуы бойынша рекорд орнағаны айрықша маңызды. Көптеген учаскелерде адамдар тұтас ұжым болып келді, кей жерлерде дауыс бергісі келген азаматтардың кезегі пайда болды. Мен үшін бұл – азаматтардың саяси кемелдігін көрсететін өте жақсы белгі.

Бұл күні қоғамның әртүрлі топтары сайлауға белсенді қатысты. Учаскелерден жастарды да, қарттарды да, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдерін де көруге болды. Бұл сайлаудың шын мәнінде әртүрлі буын өкілдерін біріктіргенін көрсетеді. Меніңше, көпшілік қарапайым түсінікті басшылыққа алды, яғни елдің болашағын бірге құру қажетін түсінді.

Жалпы, сайлау сәтті өтті деп есептеймін. Біз азаматтардың жоғары белсенділігін, саяси кемелдігін, жастардың қызығушылығын және жалпы оң қоғамдық ахуалды көрдік. Мен үшін бұл күннің ең басты әсері – адамдардың ел болашағына өздерінің тікелей қатысы бар екенін шын мәнінде сезінгені.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы

БАСПАСӨЗ ЖИЫНЫ

Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының халықаралық миссиясы және Ресей Федерациясынан келген байқаушы Қазақстандағы Құрылтай сайлауының ұлттық заңнама мен халықаралық талаптарға сай, бірқалыпты жағдайда өткен саяси науқан ретінде бағалады.

Халықаралық байқаушылар Алматыдағы сайлау учаскелерін аралап, дауыс беру және дауыстарды санау барысын қадағалады. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлауға қатысуына қандай жағдай жасалғанына назар аударды. Қырғызстан, Әзербайжан және Түркия өкілдері сапар қорытындысын Алматыда өткен баспасөз мәслихатында жариялады.

ТүркПА Білім, мәдениет, әлеуметтік және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссиясы төрағасының міндетін атқарушы, Қырғыз Республикасы Жогорку Кеңешінің депутаты Ұлықбек Қарыбекуұлу халықаралық байқаушылардың сайлау учаскелерін еркін аралап, ондағы жұмыс барысымен танысуына барлық мүмкіндік жасалғанын айтты.

Халықаралық байқаушылардың бағасы жоғары



– Мемлекеттік органдар тарапынан ешқандай кедергі болған жоқ. Сайлау учаскелеріне еркін кіріп, бізді қызықтырған барлық тұстарын өз көзімізбен көрдік. Кешкісін дауыс санау барысына да куә болдық. Дауыс беру ашық өтті. Ұлттық заңнама мен халықаралық талаптарға қайшы әрекеттерді байқамадық, – деді ол.

Ол ТүркПА миссияның басты мақсаты халықаралық нормалардың сақталуын бақылау екенін атап өтті. Ал Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссиясының мүшесі, Түркия

Ұлы Ұлттық Мәжілісінің депутаты Филиз Кылыч сайлауды ұйымдастыру жұмыстарына тоқталды.

– Біз барған учаскелерде дауыс беру бірқалыпты әрі ұйымдасқан деңгейде өтті. Сайлаушылар еркін келіп, таңдауын еш кедергісіз жасады. Дауыс беру құпиясы сақталып, заңда белгіленген тәртіп талаптары орындалды, – деді Филиз Кылыч.

ТүркПА комиссиясының мүшесі, Әзербайжан Милли Мәжілісінің депутаты Хикмет Мамедов Алматыда 6 сайлау учаскесін аралағанын айтты. Оның сөзінше, дауыс

беру кезінде ешқандай құқықбұзушылық болмаған. Ал ТүркПА Бас хатшысы орынбасарының міндетін атқарушы, Қырғыз Республикасы парламентінің өкілі Бектұр Базакечов мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлауға қатысуына ыңғайлы жағдай жасалғанын атап өтті.

– Сайлау процесінің инклюзивтілігіне ерекше назар аударғым келеді. Біз мүмкіндігі шектеулі жандардың дауыс беруге қолжетімділігін қамтамасыз ету шараларын оң бағалаймыз. Бұл – қажетті инфрақұрылымның болуы, арнайы көліктерді ұйымдастыру, арнайы құрал-жабдықтарды пайдалану, сондай-ақ ақпараттық материалдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету. Аталған жұмыстар әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын жүзеге асыра алатын инклюзивті, демократиялық ортаны қалыптастыру үшін өте маңызды деп есептейміз, – деді ол.

ТүркПА өкілдері халықаралық байқаушылардың жұмысына ыңғайлы жағдай жасағаны үшін Қазақстан тарапына алғыс білдіріп, ел азаматтарын тұңғыш бір палаталы Құрылтайдың құрылуымен құттықтады.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ

Орталық сайлау комиссиясы алдын ала нәтижелерді хабарлады

23 тамыз күні ел тарихындағы алғашқы Құрылтай депутаттарының сайлауы өтті. Қазақстандықтар сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін өздері тіркелген сайлау учаскелерінде таңдауын жасады.

Еліміз бойынша 10 363 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Оның ішінде 670 сайлау учаскесі Алматыда ашылды. Одан бөлек, 61 мемлекетте 79 сайлау учаскелері құрылды. Жапония мен Оңтүстік Кореядағы отандастарымыз сайлау күнінде алғашқы дауыс берушілер болса, Америка Құрама Штаттарының Сан-Франциско қаласындағы отандастарымыз дауыс беруді соңғы болып аяқтады. Осылайша ел тарихындағы елеулі оқиға сәтті еңсерілді.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) Құрылтай депутаттарын сайлау бойынша дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялады. ОСК мәліметіне сәйкес, жалпы сайлаушылар саны – 12 623 289 болды. Оның ішінде 74,08% немесе 9 351 539 азамат саяси науқанға қатысып, азаматтық позициясын білдірді. Алдын ала дерек бойынша сайлауға қатысқан партиялардың нәтижелері:

«Әділет» партиясы – 6 528 948 (71,17%);
Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 469 058 (5,11%);
«Байтақ» жасылдар партиясы – 97 751 (1,07%);
Қазақстан Халық партиясы – 285395 (3,11%);
«Ауыл» партиясы – 574 621 (6,26%);
«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы – 478 083 (5,21%);
«Respublica» партиясы – 509 631 (5,56%).

Ал бәріне қарсы деп сайлаушылардың 2,51%-ы дауыс берген. Орталық сайлау комиссиясы Құрылтай депутаттарын сайлау дауыс берудің ресми нәтижелерін алдағы уақытта жариялайды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



САЙЛАУДЫҢ СӘТТІ ТӘЖІРИБЕСІ

Алматыда Құрылтай депутаттарын сайлау бойынша Тәуелсіз байқаушылардың ақпараттық штабы қорытынды брифинг өткізді. Қоғамдық коммуникациялар орталығында өткен жиында ақпараттық штабтың бір айға жуық уақыттағы жұмысы қорытындыланып, сайлау барысындағы ақпараттық мониторинг нәтижелері, өңірлердегі тәуелсіз байқаушылармен атқарылған жұмыстар таныстырылды.

Ақпараттық штаб жетекшісі Рафаэль Гасанов сайлау кезеңіндегі басты міндет – қоғамға шынайы әрі жедел ақпарат ұсыну болғанын атап өтті.

«Біздің негізгі міндетіміз – сайлау үдерісін барынша кеңінен көрсету, елде шын мәнінде не болып жатқанын халыққа жеткізу болды. Ақпараттық штабты құрудағы басты мақсатымыз – жалған әрі расталмаған ақпараттың таралуына жол бермеу. Бұл бастаманы кәсіби қауымдастық қолдады. Себебі, бүгінде ақпараттың анықтығы мен сенімділігі журналистика саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Біз үдеріс барысында бірлесіп жұмыс істеп, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруды көздедік», – деді Рафаэль Гасанов.

Оның айтуынша, мұндай тәжірибе қоғамдағы көптеген ақпараттық мәселелерді шешуге мүмкіндік берген. Әрі мұндай бастамалар еліміз үшін өте маңызды деп санайды. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты жүргізілсе, көптеген мәселенің алдын алуға болады.

Медиа және қоғамдық коммуникациялар саласының сарапшысы Нұржан Мұхамеджанова Құрылтай сайлауы азаматтардың парламенттік кезеңнің маңызын түсінгенін көрсеткенін айтты.

«Меніңше, Құрылтай сайлауы азаматтарымыздың еліміздегі жаңа кезеңнің маңызын дұрыс түсініп, оны қабылдағанының нәтижесі болды. Сонымен қатар, бұл – бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі ақпараттық жұмыстың кәсіби деңгейде ұйымдастырылғанының көрсеткіші. Ақпараттық штаб мүшелері, байқаушылар, журналистер және қоғам өкілдері бірлесіп жұмыс істеп, қажетті ақпараттың уақытылы таралуын қамтамасыз етті», – деді Нұржан Мұхамеджанова.

Ол бір айға созылған ақпараттық науқанға атсалысқан барлық әріптесіне алғысын білдірді. Ал Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Андрей Андреев сайлау үдерісіне қатысқан барлық тараптың еңбегін атап өтті.

«Байқаушылар да, сайлаушылар да белсенділік танытты. Орталық сайлау комиссиясы қысқа уақыт ішінде барлық мәліметті жинақтап, өңдеп, халыққа қажетті ақпаратты ұсынды. Жалпы, сайлау үдерісі жақсы деңгейде өтті деп есептейміз. Бұл ұйымдастырылуы мен ашықтығы тұрғысынан үлгі боларлық тәжірибелердің бірі болды», – деді Андрей Андреев.

Қорытынды брифингтен кейін Тәуелсіз байқаушылардың ақпараттық штабы осы сайлау науқаны аясындағы жұмысын аяқтады.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН АШЫҚТЫҚ

«Халық үні» бақылау қорытындысын жариялады

Алматы қаласының белсенді азаматтары құрған «Халық үні» тәуелсіз байқаушылар тобы 23 тамызда өткен Құрылтай сайлауында дауыс беру процесіне қатысқан болатын. Олар сайлау күні жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижелері бойынша арнайы баспасөз мәслихатын өткізді.

Онда «Халық үнінің» штабы орналасқан Алматы мен өңірлердегі сайлау учаскелерінде байқалған жалпы жағдай, тәуелсіз байқаушылардың бақылау тәжірибесі туралы және топ мүшелерінің сайлау процесінің ашықтығы мен қоғамдық бақылауды жетілдіруге қатысты ұсыныс-пікірлері айтылды. Белгілі саясаттанушы Нұрболат Нышанбай тәуелсіз бақылаудың басты мақсаты – сайлау барысының заңдылық, ашықтық қағидаттарына сай өтуіне қоғамдық тұрғыдан үлес қосу, сондай-ақ азаматтардың дауыс беру құқығының еркін жүзеге асырылуына жағдай жасау екендігін айта келіп, кешегі сайлауда «Халық үні» тобының 11 қалада байқаушылары қызмет еткенін атап өтті. Бұған дейін аталған топ 1000-нан астам азаматты арнайы оқытып, дайындықтан өткізген болатын. «Сайлау күні Алматыны қосқанда, Астана, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Қонаев, Тараз, Семей және Орал қалаларында өкілдеріміз жұмыс істеді. «Халық үні» қозғалысы, менің ойымша, өзіне жүктелген міндеттерді толықтай орындады. Дауыс беру күні бақылаушыларымыз учаскелерде таңертеңнен бастап кешкі сайлау уақыты аяқталғанға дейін қызмет етті», – дейді саясаттанушы.



Сондай-ақ, өңірлердегі бұл науқанда сайлаушылардың белсенділігі өте жоғары болғанын, сайлау процесінің әділ, шынайы өткенін де мойындайтынын тілге тиек етті. Десе де, әрбір сайлау процесінде белгілі бір деңгейде олқылықтар, заңбұзушылықтар орын алатынын да жоққа шығармайтынын атап өтті.

«Кейбір учаскелерде дауыс беру кезінде бір кабинаға екі адам болып кіру, жеке куәлігін үйінде қалдырып кетіп, «дауыс бере салайын» деп сайлау учаскесінің өкілдерімен сөз байласуы секілді заңбұзушылықтар орын алғаны рас. Менің ойымша, мұндай қателіктер әлемде кездесіп жататыны анық. Алайда, «Халық үні» тәуелсіз байқаушылар тобы осы аталған заңбұзушылықтардың бәрін орталық штабқа жинақтап, арнайы ресми орындарға ұсыныс ретінде дайындайтын болады», – деді Нұрболат Нышанбаев.

Белгілі саясаттанушы Дос Көшім де

сайлау кезінде өрескел заңбұзушылықтар болмағанын баса атап өтті. «Кейбір учаскелерде «бюллетенімізді суретке түсіріп алсақ бола ма?» деген сайлаушылар кезікті. Осы мәселені кезінде біз көтергенбіз, түсіруге болмайтынын айтып. Сол ұсынысымыздың ескерілгені қуантады. Сайлау комиссияларының төрағалары дауыс берілген бюллетеньді суретке түсірмеңіздер деп ескерту жасап тұрды. Егер бақылаушы тәжірибелі, мінезді, тегеурінді болса, сайлау учаскелеріндегі ахуалды бақылауында ұстай алады. Біз жүргізген бақылау жұмыстары мен әзірленетін ұсыныстар алдағы уақытта сайлау процесін одан әрі жетілдіруге, азаматтардың сайлау институттарына деген сенімін нығайтуға толықтай ықпал етеді деп сенеміз», – деді саясаткер.

Ал жазушы, қоғам қайраткері Бекнұр Қисықов сайлау процесінің әр кезеңінің түсінікті әрі ашық болуы азаматтардың

сайлауға деген сенімін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын, ал бұл ретте қоғамдық бақылау жүйесінің дамуына ықпал ететін «Халық үні» секілді институттар рөлінің күшейіп келе жатқанын атап өтті. «Бұл жолы байқаушылардың деңгейі өте жоғары болды. Себебі, елдің болашағына бейжай қарай алмайтын, қоғамда болып жатқан өзгерістер, жаңашылдықтар халықтың құлағына жетсе екен дейтін азаматтар қатары көбейіп келеді. Яғни саяси интеллектіміз жоғарылады деуге болады. Мен өзім Алматының №133 және №356 сайлау учаскесінде отырдым. Шын мәнінде, өрескел заңбұзушылықтар орын алған жоқ. Тек кейбір сайлаушылардың «міне, мен мына партияға дауыс бердім» деп әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирге шығуы немесе сайлау жәшігінің түбінде тұрып суретке түсіп, байқаушыларға кедергі жасауы секілді техникалық олқылықтар болғаны рас. Келешекте сол жағынан әлі де бір ереже бекітілуі, регламент берілуі керек деп ойлаймын», – деді Бекнұр Қисықов.

Топ өкілдері үшін қоғамдық бақылаудың маңызы – сайлаудың тек ұйымдастырушылық тұрғыдан өтуін бақылаумен шектелмей, азаматтардың сайлау құқығын жүзеге асыруына деген қоғамдық сенімді нығайту екенін баса айтты. Баспасөз мәслихатында айтылған пікірлерге сүйенсек, қоғамдық бақылауды одан әрі дамыту үшін байқаушылардың кәсіби даярлығын жетілдіру, сайлау процесі туралы азамат-тардың құқықтық ақпараттануын арттыру және сайлау барысының ашықтығын қамтамасыз ететін тетіктерді күшейту маңызды.

Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

₸1 021,5 млрд

негізгі капиталға
салынған
инвестициялар

104,6%

негізгі капиталға
инвестициялардың өткен
жылдың сәйкес кезеңіне
салыстырғанда деңгейі

27,8%

Алматы
өнеркәсібінің
өсімі

32,1%

өңдеу
өнеркәсібінің
өсімі

₸743,2 млрд

өңдеу өнеркәсібінің
өндіріс көлемі

₸931,3 млрд

өнеркәсіп
өндірісінің көлемі

ФАРМАЦЕВТИКА (Алматы, 2026)

200 млн таблетка/жыл

Viva Pharm жаңа
зауытының жобалық қуаты

5 цех

Nobel AFF жаңа
өндіріс жобасында
жоспарланған
өндірістік цехтар

3 цех

Nobel жаңа
кешеніндегі
жоспарланған
зертханалар

250 жұмыс орны

Алматыдағы жаңа
фармацевтикалық жобалар
бойынша жоспарланған жұмыс
орындары

28 млн дана/жыл

Алматыдағы «Өлмерек»
кәсіпорнының бір рет
қолданылатын медициналық
бұйымдар шығару қуаты

50 жұмыс орны

«Өлмерек»
өндірісінде
құрылған жұмыс
орындары

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

қала өндірісінің қарқынды бағыты

Күнделікті қолданатын сусабын, еден жуатын сұйықтық пен дәрі-дәрмек – тұрмысымыздың ажырамас бөлігі. Олардың бірқатары Қазақстанда, соның ішінде Алматыдағы кәсіпорындарда өндірілетінін көпшілік біле бермейді. Мегаполистің өндірістік келбетінде химия мен фармацевтика металлургия немесе машина жасау секілді бірден көзге түспегенімен, бұл салалардың маңызы зор. Өйткені, олардың өнімдері өзге өндіріс бағыттарымен қатар, халықтың күнделікті қажеттілігін өтеуге тікелей қызмет етеді.

Made in Almaty

Шаһардағы химия өндірісінің бір ерекшелігі – оның өнімдері көбіне тұтынушыға дайын күйінде жетеді. Алматы индустриялық аймағында Telli Ondiris 2024 жылы жаңа өндірістік кешенін іске қосқан. Компанияның мәліметінше, өндірісте стерильді аймақ, көпсатылы су тазарту жүйесі және автоматтандырылған қайнату желісі қолданылады. Кәсіпорынның өндірістік желісі бір ауысымда 20 тоннаға дейін өнім дайындауға, ал құю желісі бір ауысымда 28 мың данаға дейін өнім шығаруға мүмкіндік береді. Telli Ondiris-тің қазіргі даму бағыты да өзгеріп келеді. Компания 2025 жылы алматылықтарға арналған жаңа косметикалық өнімдер желісін ұсынды. Оның ішінде мегаполис жағдайындағы теріге күтім жасауға бағытталған заттар бар.

QazIndustry мәліметіне сай, Алматыда Telli Ondiris-пен қатар «ТехноНиколь-Орталық Азия», Industrial Place және басқа да өндірістері осы салада отандық өнім өндіреді. «ТехноНиколь-Орталық Азия» полимерлі жылу оқшаулау өнімдерімен танымал болса, Industrial Place литий-ионды батареяларды қайта өңдеу бағытында жұмыс істейді. Химия өнеркәсібінің дамуына индустриялық аймақтар да мүмкіндік беріп отыр. Мұнда жаңа өндірістерге инженерлік инфрақұрылым тартылып, инвестициялық жобаларды орналастыруға жағдай жасалған.

Фармацевтиканы дамытатын фактор

Фармацевтика бағытында да Алматы Қазақстандағы маңызды орталық. Мәселен, қаладағы Nobel AFF ең беделді кәсіпорындардың бірі. Компания 2002 жылдан бері жұмыс істейді және Қазақстандағы жетекші отандық дәрі өндірушілердің қатарында. Фабрикада қатты, сұйық және жұмсақ дәрілік заттарды шығаратын алты өндірістік цех бар. Өндірістік аумақ 10 мың шаршы метрден асады. Компанияның қазіргі өндірістік әлеуеті тек ішкі нарықпен

шектелмейді. Nobel AFF өз өнімдерінің бір бөлігін ТМД елдеріне экспорттайды. Деректерге сәйкес, өнімнің шамамен 30 пайызы экспорттық нарықтарға жіберіледі.

Алматыда Nobel AFF-тың жаңа жоғары технологиялық дәрі-дәрмек зауытын салу жоспарланған. Жоба Алматы индустриялық аймағында жүзеге асырылмақ. Қалалық әкімдік мәліметінше, кәсіпорынды 2027 жылға дейін салынады. Жаңа өндіріс фармацевтикалық өнімдердің ассортиментін кеңейтуге және жоғары технологиялық препараттар шығаруға бағытталады.

Тағы бір маңызды жоба – Viva Pharm компаниясының толық циклді фармацевтикалық зауыты. «Алатау» инновациялық технологиялар паркі арнайы экономикалық аймағында салынып жатқан жаңа кәсіпорынның жобалық қуаты жылына 200 млн. таблеткаға дейін жетеді. Оның басты ерекшелігі – өндірістің толық циклді форматта құрылуы. Аталған компания Алматыда қазірдің өзінде фармацевтикалық өндіріс жүргізіп отырған кәсіпорындардың бірі. Мемлекеттік деректерге сүйенсек, компанияның қалада қатты дәрілік формалар өндірісіне арналған өндірістік алаңы да бар.

Дәрігер, медицина сарапшысы Қайырғали Көбеев Қазақстанның дәрі-дәрмек өндірісін айтарлықтай арттыруға әлеуеті шектеулі екенін айтады. Оның сөзінше, Германия, АҚШ, Жапония секілді фармацевтикасы жоғары дамыған мемлекеттермен бәсекелесу оңай емес.

«Қазір отандық фармацевтика ішкі сұраныстың шамамен 20 пайызын ғана қамтамасыз етеді. 50 пайыздық межеге жету үшін өндіріс көлемін ғана емес, технологиялық мүмкіндікті күшейтіп, сапалы препарат түрлерін көбейту қажет. Шетелдік өнімді қайта қаптауды отандық өндіріс деп бағалауға болмайды. Сондықтан мақсат нақты технологиялық мүмкіндік, инвестиция және нарық сыйымдылығына негізделуі тиіс. Әйтпесе, импортқа тәуелділік сақталады», – дейді дәрігер.



Жаңа жоба көбейе ме?

2026–2028 жылдарға арналған ірі инвестициялық жобаларының қатарында фармацевтикалық бағыттағы тағы бірнеше бастама бар.

Атап айтсақ, «Алатау» инновациялық технологиялар паркі арнайы экономикалық аймағында «АЛТИН-ФАРМ» компаниясының иммунобиологиялық препараттар, онкологиялық аурулар мен қант диабетін емдеуге арналған дәрілік заттарды өндіретін зауытын салу жоспарланған. Сонымен қатар, түркиялық Nobel

компаниясының белсенді фармацевтикалық ингредиенттер мен дайын дәрілік өнімдер шығаратын кешен ашу жобасы қарастырылған. Бұл жобалар 250-ден астам жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Назар аударарлық мәселе – Қазақстанда дәрі-дәрмекті құрастырып немесе жәй қаптап шығармай, оның өндірістік тізбегін тереңдету маңызды. Яғни белсенді фармацевтикалық ингредиенттерді, дайын субстанцияларды және жоғары технологиялық препараттарды өз ішінде өндіру қажет.

Өрге бастаған өсім

2026 жылдың алғашқы алты айында Қазақстандағы химия өнеркәсібінің өндіріс индексі 20,7 пайыз, ал фармацевтикалық өнімдер өндірісі 43,6 пайыз өскен. Бұл көрсеткіш дәрі-дәрмек өндірісіне инвестицияның, жаңа өндірістердің және отандық өнімге сұраныстың артып келе жатқанын аңғартады. Химия мен фармацевтиканың болашағын тек жаңа кәсіпорындардың санымен өлшеу дұрыс емес. Себебі, бұл салаларға жоғары білікті химиктер, технологтар, инженерлер, зертханашылар, фармацевтер және өндірістік менеджерлер қажет. Ал фармацевтикада халықаралық сапа стандарттарын сақтау, клиникалық және зертханалық зерттеулер жүргізу, шикізат пен белсенді ингредиенттерге қолжетімділік мәселелері де өзекті. Сондықтан Алматы үшін келесі кезең – өндірістің санын көбейтумен қатар, ғылыми-зерттеу компонентін күшейту.

Қазірдің өзінде мұндай бағыттың белгілері байқалады. Мысалы, Telli Ondiris өндірісінде зертханалық сынақтар мен өнім формуласын түзету кезеңдері қарастырылған, ал жаңа фармацевтикалық жобаларда зертханалық және жоғары технологиялық өндіріс инфрақұрылымын құру көзделеді.

Бір қарағанда, химия мен фармацевтика бір-бірінен алшақ салалар сияқты. Бірі – химиялық технологияға, екіншісі – медицинаға негізделеді. Бірақ өндірістік тұрғыдан екеуіне де технология, зертхана, сапаны бақылау, білікті кадр және тұрақты инвестиция қажет. Мегаполистеі қазіргі ахуал осы салалардың біртіндеп қарапайым өндірістен технологиялық өндіріске қарай бет алып жатқанын көрсетеді. Қалада тұрмыстық химия мен косметика шығаратын жаңа өндірістер жұмысын бастап, дәрі-дәрмек өндіретін кәсіпорындар өндірістік қуатын кеңейтіп жатыр. Ал алдағы жылдары толық циклді фармацевтикалық зауыттар мен жаңа жоғары технологиялық жобалар іске қосылуы мүмкін.

Дана САДЫРҚАН.
Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ТЕГІН АВТОТҰРАҚ

тұрғындар үшін жаңа жеңілдік

Алматыда коммуналдық ақылы автотұрақтар желісі кеңейді. Енді көпқабатты тұрғын үйлердегі пәтерлер мен коммерциялық нысандардың меншік иелері мен жалға алушылары автотұрақтарды тегін пайдалана алады. Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылы 30 шілдедегі №324 шешімімен бекітілген Жол қозғалысын ұйымдастырудың жаңа қағидаларында белгіленген.

Басты жаңалық – көпқабатты тұрғын үйдегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері мен жалға алушылары нысан орналасқан жерден 500 метрге дейінгі радиуста өздері таңдаған бір коммуналдық ақылы автотұрақты тегін пайдалану құқығын рәсімдей алады.

Тегін пайдалану құқығы әрбір үй-жайға бір көлік құралына беріледі. Бұл ретте нақты автотұрақ орны пайдаланушыға бекітілмейді. Яғни таңдалған автотұрақта бос орын болған жағдайда ғана көлікті қоюға болады.


Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы басшысының орынбасары Асхат Жамаловтың айтуынша, бұл норма қаланың автотұрақтар кеңістігін ретке келтіруге, орындардың қолжетімділігін арттыруға және тұрғындарға жағдай жасауға бағытталған.

«Жерасты паркингтеріне, қоғамдық көлікке ауысып мінуге арналған автотұрақтарға, жабық үлгідегі жерүсті автотұрақтарға және механикаландырылған автотұрақтарға бұл жеңілдік жүрмейді. Біз бұл арқылы қалалық тұрақ кеңістігін барынша ретке келтіріп, орындардың айналымын арттыруды көздеп отырмыз. Өтініштерді 17 тамыздан бастап «Алматы паркинг» сайты немесе eOtinish порталы арқылы беруге болады. Өтініш берушілерден меншік құқығын растайтын құжаттар немесе кемінде бір жылға жасалған жалдау шарты, сонымен қатар көлік құралының техпаспорты талап етіледі. Егер мүлік ортақ үлестік меншікте болса, қалған иелерінің жазбаша келісімі міндетті», – дейді ол.

Үй-жайды жалға алушыларға тегін пайдалану құқығы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен жалдау шарты негізінде, осы шарттың қолданылу мерзіміне беріледі. Егер үй-жай немесе көлік құралы ортақ үлестік меншікте болса, тегін пайдалану құқығын алу үшін басқа меншік иелерінің жазбаша келісімі қажет.

25 мыңға дейін көбейеді

Сонымен қатар, қаладағы автотұрақтар желісі де жаңартылады. Биыл



қосымша 8 мыңнан астам коммуналдық ақылы автотұрақ орнын ұйымдастыру жоспарланған. Осылайша коммуналдық автотұрақтардың жалпы саны 17 мыңнан 25 мыңға дейін көбейеді.

Жаңа автотұрақтардың қатарында тротуар бойындағы және арнайы алаңдардағы автотұрақтар болады.

Қағидаларға сәйкес, тиісті растайтын құжаттары бар азаматтардың жекелеген санаттары коммуналдық ақылы автотұрақтарды пайдаланғаны үшін төлемнен босатылады. Олардың қатарында Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттер аумағындағы әскери іс-қимылдарға қатысқан ардагерлер, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, еңбек ардагерлері, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар баланың заңды өкілдері, «Алтын алқа», «Күміс алқа» төсбелгілерімен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған көпбалалы аналар, «Ана даңқы» I немесе II дәрежелі ордендерімен наградталған азаматтар, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтар, электромобиль иелері жатады.

Осылайша жаңа жүйеде сараланған тәсіл қарастырылған. Көпқабатты тұрғын үйлердегі үй-жайлардың меншік иелері мен жалға алушылары үйіне жақын орналасқан өздері таңдаған бір коммуналдық автотұрақты тегін пайдалана алады. Ал жеңілдік санатына жататын азаматтар үшін төлемнен босату тәртібі сақталады.

Жүргізушілердің назарына...

Тротуар үлгісіндегі коммуналдық ақылы автотұрақтар 08.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Алаңдық автотұрақтардың, жерасты паркингтердің, қоғамдық көлікке ауысып мінуге арналған тұрақтардың, көпдеңгейлі және механикаландырылған автотұрақтардың жұмыс режимін басқарушы ұйым белгілейді.

Коммуналдық ақылы автотұрақтарды пайдалану ақысы бекітілген тарифке сәйкес автокөліктің автотұрақта тұрған әр минуты үшін есептеледі. Тротуар үлгісіндегі коммуналдық ақылы автотұрақтарда жолаушыларды отырғызу немесе түсіру, сондай-ақ көлікті тиеу немесе түсіру қажет болған жағдайда алғашқы бес минутқа ақы алынбайды. Егер көлік бес минуттан артық тұрса, алғашқы бес минутты қоса алғанда, автотұрақта тұрған барлық уақыт үшін ақы төленеді.

Жаңа қағидалар қаладағы автотұрақ кеңістігін ретке келтіруге, автотұрақтардың қолжетімділігі мен айналымын арттыруға, сондай-ақ көпқабатты тұрғын үйлердің меншік иелері мен жалға алушыларына үйіне жақын жердегі автотұрақтарды тегін пайдалану мүмкіндігін жасауға бағытталған.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Алматыда тұрғын үйлердің ауласы мен қоғамдық кеңістіктерді дамытуға тікелей мүмкіндік беретін «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыру жалғасуда. Биыл бұл бағытта Әуезов ауданында 29 жоба жүзеге асырылып жатыр.

Өзгеріс ауладан басталады

Атап айтқанда, Жандосов және Дәуленов көшелерінің қиылысында отбасылық демалыс пен спортпен шұғылдануға арналған заманауи қоғамдық кеңістік құрылды. Көркейту жұмыстары аясында мұнда шағын сәулет нысандары мен сыртқы жарықтандыру бағаналары орнатылып, заманауи балалар ойын кешендері, спорт және воркаут аймақтары жабдықталды, сондай-ақ аумақтың жабыны жаңартылды.

Аудан тұрғыны Ғабит Тұрсынбаевтың айтуынша, көркейту жұмыстары аяқталғаннан кейін тұрғындар жаңа алаңда жиі серуендейтін болған.

– Балаларға ойын алаңы өте ұнайды, олар ойнап жүргенде мен де алаңдамай спортпен айналыса аламын. Бүкіл отбасы үшін шынымен де заманауи әрі жайлы демалыс орны пайда болды, – дейді ол.



Тағы бір жоба «Тастақ-1» шағын ауданында жүзеге асырылды. Мұнда №24 және №26 үйлердің аула аумақтары мен кешенді көркейту жұмыстары аяқталды. Жұмыс барысында әр жастағы балаларға арналған заманауи ойын кешендері, әткеншектер, карусельдер, тепе-теңдік құралдары, батуттар және басқа да ойын элементтері бар жаңа ойын алаңдары пайда болды. Тұрғындардың демалысы үшін күркелер орнатылып, спорт және воркаут алаңдары жабдықталды. Сонымен қатар, аумақтың жол жабыны жаңартылып, заманауи сыртқы жарықтандыру жүйесі орнатылды. Бұл аулаларды тұрғындар үшін барынша жайлы әрі қауіпсіз етуге мүмкіндік берді.

Бүгінде көріктендірілген аумақ тұрғындардың күнделікті демалысына арналған толыққанды кеңістікке айналды.

– Біздің ауламыз адам танымастай өзгерді. Енді мұнда бүкіл отбасымызбен уақыт өткіземіз. Балалар жаңа алаңдарда ойнайды, біз көршілерімізбен кешкі уақытта демаламыз, ал мен немерелеріммен жиі серуендеймін. Үйіміздің жанында осындай жайлы әрі заманауи кеңістіктің пайда болғанына қуаныштымын, – дейді аудан тұрғыны Үміт Оспанова.

Қазіргі таңда Әуезов ауданындағы көркейту жұмыстары жалғасуда. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыру тұрғындардың ұсынысын ескеріп, демалыс, спорт және бос уақытты өткізуге арналған заманауи, қауіпсіз әрі жайлы кеңістіктер құруға мүмкіндік береді.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.





Қала бойынша сайлаушылар тізіміне 1,329 миллионнан астам тұрғын енгізілген. Түске дейін Құрылтай депутаттарын сайлауға мемлекеттік органдардың басшылары, депутаттар, қоғам қайраткерлері, мәдениет, ғылым және спорт саласының өкілдері дауыс берді.

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды №159 мектепте орналасқан сайлау учаскесіне барып, таңдауын жасады.

«Құрылтайдың алғашқы сайлауына қатысып, тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Еліміз саяси тарихтың жаңа кезеңіне қадам басты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сайлау алдындағы Үндеуінде атап өткендей, еліміздің болашағы әрқайсымыздың саналы таңдауымызға байланысты. Қазақстанның ертеңі әр азаматтың жауапкершілігі мен бастамашылдығына байланысты», – деді қала әкімі.

Аға буын өнересі

Жетісу ауданында Ұлы Отан соғысының ардагері, ғасыр жасаған Илья Кудин сайлау учаскесіне өзі келіп, дауыс берді. Ал 103 жастағы соғыс ардагері Зұлхарнай Сейітов үйінде дауыс берді. А байланысты сайлау комиссиясының мүшелері ардагердің үйіне барып, дауыс беруіне жағдай жасады.

Қазақстанның халық артисі Бибігүл Төлегенова да азаматтық ұстанымын білдірді. Қазақ өнерінің аңыз тұлғасы үйінде дауыс берді. Осы мақсатта көшпелі сайлау комиссиясының мүшелері оның үйіне барып, дауыс беру рәсімін тұрғылықты жерінде ұйымдастырды.

Мемлекет және қоғам қайраткері, Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ахан Бижановтың туған күні сайлаумен тұспа-тұс келді. Бұрынғы сенатор тұңғыш Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысып, «Қуаныш» шағынауданындағы №215 сайлау учаскесінде өз дауысын берді.



Ел тарихындағы алғашқы бірпалаталы Құрылтай сайлауында Алматы жоғары белсенділік көрсетті. Ауқымды саяси оқиғаға қалалық сайлаушылардың қатысу көрсеткіші 43%-дан асып, 570 мыңнан астам тұрғын таңдау жасады. Тақсәріден бастап мегаполистегі сайлау учаскелерінде нағыз қарбалас науқан басталды. Ашылған сәттен бастап-ақ, сайлаушылар отбасымен, достарымен, әріптерімен және көршілерімен бірге келіп жатты. Бұдан бөлек, азаматтар уақытша болатын жерлерде орналасқан 11 арнайы сайлау учаскесі бір сағат бұрын жұмысын бастады.

Айрықша әсер

Қаладағы еңбек ұжымдары да сайлауға белсенді қатысты. Күні бойы кәсіпорындардың, коммуналдық қызметтердің, көлік саласының және басқа да ұйымдардың қызметкерлері сайлау учаскелеріне ұйымдасқан түрде келіп, дауыс берді. Әсіресе, отбасымен бірге сайлауға келген тұрғындардың оқиғасы ерекше әсер қалдырды. Медеу ауданындағы №412 сайлау учаскесіне 69 жастағы Есенбек Өктембаев 90 жастағы анасы Айымкүл Әниязовамен бірге келіп, дауыс берді. Олар үшін сайлауға бірге қатысу – азаматтық ұстанымын білдірумен қатар, ел болашағына деген жауапкершіліктің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын көрсететін ерекше сәт болды.

Осындай ұрпақ сабақтастығын басқа отбасылар да көрсетіп жатыр. Дауыс бергендердің қатарында «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауының жеңімпазы Дүйсебаевтар отбасы да бар. Төрт буын ұстазды біріктірген педагогтер әулеті сайлау учаскесіне түгелге жуық жиналып келді. Өмірін бала тәрбиесі мен білім беруге арнаған отбасы үшін сайлауға қатысу – келешек ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің жалғасы.

Мерекелік атмосфера

Мегаполистің спортшылары да өз белсенділіктерін әйгіледі. 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындарының чемпионы Михаил Шайдаров, бокстан әлемнің үш дүркін

чемпионы Назым Қызыбай, Олимпиада жүлдегерлері Ислам Сәтбаев, Александра Ле, Гусман Қырғызбаев пен Нариман Құрбанов, гимнаст Милад Карими, каратэші Дидар Әмірәлі, таэквондошы Айдана Құмартаева, сондай-ақ қысқы спорт түрлерінің өкілдері Данил Васильев пен Илья Мизерных те таңдау жасады.

Сайлау учаскелерінде түрлі спорттық, мәдени іс-шаралар қатар өтіп, саяси науқан енді бір жағынан бұқаралық мәдени іс-қимылдарды жандандырды. Онымен қоса, азық-түлік жәрмеңкелері де ұйымдастырылды. Кейбір сайлау учаскелерінде балалар шығармашылығының көрмелері мен түрлі тақырыптық алаңдар жұмыс істеді.

Ерекше кейіпкерлер

Қала тұрғындарының назарын Лионель Месси мен Криштиану Роналдудың кейіпіндегі сайлаушылар, Темірбек роботы және өзге де креативті кейіпкерлер аударды. Мерекелік көңіл күй қалыптастырып, көпшіліктің естелік суреттеріне арқау болды.

Алматыдағы барлық сайлау учаскесінде арнайы фотоаймақтар орнатылды. Әсіресе, ұлттық нақышта безендірілген тақырыптық орындар мен түрлі ерекше кейіпкерлер қатысқан алаңдар көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Сайлау күні алматылықтар үшін тосын да қызықты оқиғаға толы болды. Алматы қаласында «Құрылтай» есімді тек екі-ақ тұрғын тұратыны анықталды: Құрылтай Мансұров пен Құрылтай Сәткенбаев. Қос

азамат та азаматтық борышын орындап, дауыс беруге қатысты.

Алматыда дауыс беру күні белсенді әрі ұйымшылдықпен өтті. Күні бойы сайлау учаскелеріне келген қала тұрғындарының қарасы үзілмеді. Осы арқылы маңызды қоғамдық-саяси оқиға алматылықтардың азаматтық белсенділігі мен қаланың болашағына деген жоғары жауапкершілігін анық танытты.

Ақ шашу

Наурызбай ауданындағы №542 сайлау учаскесінде ерекше көңіл күй қалыптасты. Дауыс беруге келген тұрғындарды ақ жаулықты аналар ұлттық дәстүр бойынша шашу шашып қарсы алды.

Ұлттық салтпен басталған бұл сәт сайлау күніне мерекелік реңк беріп, учаскеге келген жұртқа көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар, дауыс беруге келген тұрғындарды қазақтың қасиетті қара домбырасынан төгілген күймен қарсы алды. Қоңыр күйдің үні сайлау учаскесіне ерекше ұлттық нақыш беріп, маңызды саяси науқанды ұлттық өнермен сабақтастырды.



Алматыда Құрылтай сайлауы қалай өтті?



Қазақстанның халық артисі, белгілі композитор Алтынбек Қоразбаев та Құрылтай сайлауында дауыс беріп, ел азаматтарымен бірге таңдау жасады. Ұлттық өнердің көрнекті өкілі елдің қоғамдық-саяси



өміріндегі маңызды науқанға қатысып, азаматтық ұстанымын білдірді. Өнер иесі сайлау учаскесіне келіп, ел болашағына қатысты маңызды шешім қабылдауға әр азаматтың үлесі бар екенін атап өтті.

«Қазақ елінде үлкен жаңалық болып жатыр. Халық сайлау учаскелеріне белсенді түрде барып, дауыс беріп жатыр. Депутаттарға артар сенім мол, жақсы жаңалық күтеміз», – деді Алтынбек Қоразбаев.

Композитордың айтуынша, ел өміріндегі осындай маңызды кезеңдерде халықтың белсенділігі айрықша мәнге ие. Өйткені, сайлау – азаматтардың таңдау білдіріп қана қоймай, мемлекет дамуының бағытына қатысты жауапкершілігін танытатын қоғамдық маңызды науқан.

Қазақстанның халық артисі, актер, режиссер Досхан Жолжақынов Алматы қаласындағы №622 сайлау учаскесіне барып, Құрылтай сайлауында дауыс берді. Өнер майталманы ел өміріндегі маңызды саяси науқанға қатысып, азаматтық таңдауын білдірді.

«Елдің ертеңі – бүгінгі таңдаудан басталады. Сондықтан әр азамат өз таңдауын жасап, ел болашағына бейжай қарамауы керек. Жасанды интеллект дәуірінде халықтың әл-ауқаты арттыру маңызды», – деді Халық артисі.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, актриса Қарагөз Сүлейменова Алматыдағы №622 сайлау учаскесіне келіп, Құрылтай сай-

лауында дауыс берді. Өнер иесі елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды науқанға қатысып, азаматтық таңдауын жасады. Оның айтуынша, ел тағдырына қатысты маңызды шешімдерге әр азамат өз үлесін қосып, өз таңдауын ашық білдіруі қажет.

Сондай-ақ, өнер адамдарының қоғамдағы үдерістерге үн қосуы маңызды екенін айтты. Оның сөзінше, мәдениет пен өнер халықтың рухани дүниесімен тығыз байланысты болғандықтан, шығармашылық өкілдері ел өміріндегі маңызды мәселелерге азамат ретінде өз көзқарасын білдіруі тиіс.

Сананы сергіткен сәт

№5 мектеп-гимназиясында орналасқан №138 сайлау учаскесінде таңғы уақытта әуезді ән мен күмбірлеген күй шалқыды. Ерте келген дауыс берушілер мен қатысушылар, ұйымдастырушылар әуен ырғағына сай жаттығу жасап, бой сергітті. Асық атып, арқан тартысты.

Жиналған халық мектеп алаңына шығып, спорт сайыстары бойынша бақ сынасты. Дауыс беруге келген тұрғындар да бұл бастамаға қосылып, сергек қимылдап, күнді тың серпінмен бастады. Таң бозынан келген жұртшылық еліміздің болашағына қатысты маңызды науқаннан шет қалмаған. Бұл аудан тұрғындарының азаматтық белсенділігін аңғартады.

Сайлау учаскесі орналасқан мектепте сәндік-қолданбалы өнер жәрмеңкесі де ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылар мен педагогтер әзірлеген түрлі бұйымдар қойылды. Ағаш, картон, былғары және киізден жасалған туындылардан ұлттық дәстүр мен қолөнердің айқын үлгісін көруге болады.

Мектептің бейнелеу өнері және еңбек пәндерінің мұғалімі Алла Кобринаның айтуынша, жәрмеңкеге қойылған бұйымдар – оқушылар мен ұстаздардың бірлескен шығармашылық жұмысының нәтижесі. Мұндай іс-шаралар балалардың шығармашылық қабілетін шыңдап, ұлттық қолөнерге қызығушылығын арттырып, еңбекті бағалауға тәрбиелейді.

Жәрмеңкеге келгендер ұсынылған бұйымдарды тамашалап, өздеріне ұнағандарын жайлы ой-пікірін айтып, суретке түсіп жатты. Іс-шара мектеп оқушылары мен педагогтердің шығармашылық мүмкіндігін танытып, сайлау күнінің мазмұнын аша түсті.

Немересімен келген ата-әжелер

Кеніш көңілді Әділбек Нусырат ақсақал мен әжеміз Жамал Запура немересі Ерзат Расулды ертіп келіп, №585 сайлау учаскесінде дауыс берді. Ата-әжесі немересіне азаматтық таңдаудың маңызын көрсетіп, ел мен жерге деген сүйіспеншілік жайын әңгімеледі. Атамыздың әңгімесін тыңдап, азамат тілдістік. «Немереңізді қандай мақсатта ерте келдіңіз?» – деп сұрадық. Ақсақал: – Немереме елін, қазағын сүюді үйретіп, әзірден құлағына құя берейін, санасына сіңе берсін, – деп жауап берді.

Сонымен қатар, №585 сайлау учаскесінен шақырту алып, алғаш рет дауыс берген Абай атындағы педагогикалық университетінің 3-курс студенті Байло Светлана өз естегін айтып, қазақстандықтардың саяси науқанда белсенді болуға шақырды.

Сайлауда туған сәбилер

23 тамыз – Құрылтай депутаттарын сайлау күні Алматының перзентханаларында 60 нәресте дүниеге келді. Сағат 00.00-ден 19.00-ге дейінгі мәлімет бойынша 30 қыз бен 30 ұл өмір есігін ашқан.

Бұл күні қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қарасты перзентханалар мен басқа да медициналық ұйымдардың пациенттері мен қызметкерлері де азаматтық құқығын пайдаланып, дауыс берді.

Иә, 23 тамыз көптеген отбасы үшін айрықша күнге айналды. Бұл күн олардың жадында ел өміріндегі маңызды қоғамдық-саяси оқиғамен ғана емес, сәбилерінің дүниеге келуімен де есте қалмақ.

Жаңа туған сәбилерге зор денсаулық, ал ата-аналарына бақ-береке, амандық және перзенттерімен бірге өткізген әр күннің қуанышын сезінуді тілгіміз.

ТІЛШІЛЕР ТОБЫ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ, Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Данияр ҚЫРЫҚБАЕВ,
Алматы қаласы Алатау ауданының әкімі:

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ АДАЛДЫҚ – ҚОҒАМ СЕНІМІНІҢ НЕГІЗІ

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Бұл бағыттағы жұмыстың басты мақсаты – мемлекеттік басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, заң талаптарының мүлтіксіз сақталуын қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру және халықпен тиімді кері байланыс орнату. Аудан әкімдігі тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған кешенді шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылып, адалдық, әділдік және ашықтық қағидаттарын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде.

рәсімдеу процесін жеңілдетіп, артық бюрократиялық рәсімдер мен қағазбастылықты едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, әкімдік ғимаратында іске қосылған Digital Corner арқылы тұрғындарға электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алу және электрондық қызметтерді өздігінен пайдалану бойынша кеңестер беріледі.

Мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Ашық әкімдік» қағидаты енгізіліп, бөлім қызметкерлерінің жұмысы ашық кеңістік форматында ұйымдастырылған. Бұл тұрғындардың өтініштерінің қаралу барысын бақылауына және мемлекеттік қызметтерді ашық әрі қолжетімді алуына жағдай жасайды. Азаматтардың арыз-шағымдары мен өтініштері «Нәтиже» жүйесі арқылы тұрақты бақылауға алынып, әрбір өтінішке заңнамада белгіленген мерзімде жауап берілуі қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында ішкі автоматтандырылған мониторинг жүйесі енгізіліп, қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуына тұрақты бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар, бөлім мамандары заңнамадағы өзгерістер мен «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі бойынша біліктіліктерін жүйелі түрде арттырып келеді. Тұрғындардың мемлекеттік қызметтерді оңай әрі дұрыс алуына қолдау көрсету үшін қажетті ақпараттық жадынамалар мен түсіндірме материалдары әзірленіп, кеңінен пайдалануға ұсынылған.

Азаматтардың өтініштері «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы қабылданып, олардың қаралу барысы толық ашықтық қағидаты негізінде жүзеге асырылады. Жүйе өтініш иелеріне өтініштің орындалу мәртебесін онлайн бақылауға, қабылданған шешіммен танысуға және қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен шағымдануға мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік орган мен азамат арасындағы өзара байланыстың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Өтініштерді қарау кезінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптары қатаң сақталып, әрбір мәселе жан-жақты әрі объективті қаралады. Азаматтардың өз ұстанымын білдіру құқығын қамтамасыз ететін тыңдалым рәсімдеріне ерекше назар аударылып, өтініш иелеріне заңнама талаптарына сәйкес нақты әрі түсінікті жауаптар беріледі.

Ашықтық, жариялылық және заң үстемдігін сақтау – аудан әкімдігі қызметінің негізгі қағидаттары. Осы ұстанымдарды дәйекті іске асыру мемлекеттік басқаруға деген қоғамдық сенімді нығайтып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және халыққа сапалы қызмет көрсету мәдениетін қалыптастыруға негіз болады.

Аудан әкімінің және оның орынбасарларының азаматтарды жеке қабылдауы бекітілген кестеге сәйкес тұрақты өткізіледі. Сонымен қатар, тұрғындармен кездесу-

лер, қоғамдық қабылдаулар және есептік кездесулер ұйымдастырылып, өзекті мәселелерді тұрғындардың қатысуымен талқылауға және олардың шешілу барысын бақылауға ерекше мән беріледі. Бұл халықпен тиімді кері байланысты нығайтып, мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында аудан әкімінің аппаратында ішкі бақылау тетіктері тұрақты негізде іске асырылып келеді. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына бақылау жүргізіліп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оларды жоюға бағытталған ішкі талдаулар жүйелі түрде өткізіледі.

Сонымен қатар, бюджет қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану, бюджетті жоспарлау мен атқару, бухгалтерлік есепті жүргізу, мемлекеттік мүлікті басқару, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру, шарттарды жасасу және олардың орындалуы сияқты негізгі қызмет бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты ішкі талдау жүргізіледі. Бұл жұмыстар мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға, заң талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге және бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына бағытталған.

Ішкі талдау нәтижелері қаржы-шаруашылық қызметтің жекелеген бағыттарында ішкі бақылауды одан әрі күшейту қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты бюджет қаражаты мен мемлекеттік мүліктің тиімді пайдаланылуын бақылауды жетілдіру, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде заңдылық, ашықтық және әділдік қағидаттарын қатаң сақтау, мүдделер қақтығысының алдын алу және лауазымды тұлғалардың қабылданған шешімдер үшін жеке жауапкершілігін арттыруға бағытталған бірқатар ұйымдастырушылық шаралар қабылдануда.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты мониторинг жүргізіліп, мемлекеттік қызметшілер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру, әдеп қағидаттарын сақтау мәселелері бойынша оқыту семинарлары ұйымдастырылады. Бұл жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында жергілікті тұрғындармен, қоғамдық кеңес мүшелерімен және кәсіпкерлер қауымдастығымен өзара іс-қимыл нығайтылып, бюджет қаражатының жұмсалыуына қоғамдық бақылау тетіктері кеңінен қолданылуда.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – мемлекеттік орган қызметінің тиімділігі мен қоғамның мемлекетке деген сенімін арттырудың маңызды шарты. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жалғастыру, ашықтық пен заңдылық қағидаттарын қатаң сақтау, сондай-ақ қоғамдық бақылауды күшейту арқылы аудан әкімдігі адал, есеп беретін және халыққа бағдарланған мемлекеттік басқаруды қалыптастыруға өз үлесін қоса береді.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

Оқушылар апорт өсіруді қолға алды

Алатау ауданының «Самғау» ықшамауданында ашылған №217 жалпы білім беретін мектеп заманауи білім беру талаптарына толық сай келетін мекеме. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бой көтерген білім ордасы оқушыларға сапалы білім мен жан-жақты дамуға қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Бұл жаңа мектептің басты ерекшелігі – заманауи оқу кеңістігі мен озық технологиялардың үйлесімділігінде. Білім алушылар үшін кең әрі жарық сыныптар, тәжірибелік сабақтарға арналған зертханалар, заманауи технологиялармен жабдықталған химия, биология және физика кабинеттері қарастырылған. Мұндағы ұлдар мен қыздарға арналған шеберханалар, спорттық және шығармашылық бағыттағы кеңістіктер оқушылардың қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Зәулім үйлері көп «Самғау» ықшамау-

даны өткен оқу жылында 1500-ден астам оқушыны қабылдаған. Білім ордасы жақын маңдағы мектептердегі оқушы орындарының тапшылығын азайтуға да өз үлесін қосып отыр. «Келешек мектептері» жобасының ерекшелігі балалардың тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы әрі қолжетімді білім алуға мүмкіндік беретін жайлы орта қалыптастыруды көздейді. Соңғы жылдары ашылып жатқан «Келешек мектептері» оқушылардың тек академиялық білім алуына ғана емес, олардың шығармашылық, зияткерлік және цифрлық дағдыларын дамытуға да ерекше көңіл бөледі.

Мектеп – адам мен қоғамды дамытатын орта. Осы ортада болашақ ұлы тұлғалар, өнертапқыштар, жалпы білім мен ғылымға ұмтылған шәкірттер тәрбиеленеді. Әр мектеп ұлттық құндылық, жеке миссия, тәрбие мен білімді ұштастыратын жобалар арқылы дамып, жас ұрпақтың қабілетін арттырады. Өткен 2025-2026 оқу жылында мектеп ұжымы білім беру

сапасын арттыру, оқушының жан-жақты дамуы үшін жүйелі жұмыс жүргізді. Мектеп директоры Айза Алпамысқызы оқу жылының басында мектептің басты оқутәрбие жоспарына сәйкес бірнеше жобаларды қолға алып, жұмыс бағыттарын айқындаған еді. Мектептің басты миссиясы – оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, жасанды интеллект арқылы білім мен тәрбиені бойына сіңірген озық ойлы оқушы қабілетін дамыту.

Дәл қазір осынау нақты мақсат пен бағыт аясында мектепте түрлі жобалар қолға алынды. Мәселен, қазіргі кезде 9-сынып оқушылары Әнел Бейсетан мен Нұрай Байқадам химия пәні мұғалімі Бұлбұл Түзелбаеваның жетекшілігімен «Aport Gardens» жобасын қолға алып, AI жүйесін қолдану арқылы жұмыс жүргізіп жатыр. Жобаның мақсаты – мектеп территориясындағы бақшаны алма бағына айналдыру.

Оқушылар аңызға айналған апорт

алма қайта оралса дейді. Қазір апорт ағашы кәдімгідей көк желек боп өсіп тұр. Сонымен қатар, бақшаны «ақылды басқару» тетіктері арқылы суғарып, күн сәулесі арқылы жарықтандыру жұмысы да қоса жүргізіліп жатыр. Жұмыс барысы жасанды интеллект құралдары арқылы қадағаланып отырады. Мектеп ұжымы бақшадан алынған өнімді оқушылар денсаулығы үшін пайдалы азыққа айналса деген ниетпен еңбек етуде. Оқушылардың бұл жобасы аудандық, қалалық «Балафест» байқауында «Жасыл экология» бағытында үздік деп танылып, жүлделі орын иеленді.

Аталмыш жоба Алматыны дамыту бағытындағы жәрмеңкеге де қатысып, жоғары баға алды. Жақында қаладағы «Келешек мектептерге» арнайы баспасөз туры ұйымдастырылып, әлгі жобаның өміршеңдігі, құндылығы ерекше бағаланды. Ең бастысы, бұл тек қана ғылыми жұмыс бағытындағы тың жоба емес, оқушылардың кәсіптік бағдар бағытындағы дамуына қажетті жоба екендігі ерекше аталды. Мектеп басшысы Айза Алпамысқызының айтуынша, алдағы оқу жылында аталмыш жобаларға тағы да тың идеялар қосып, дамытуды қолға алмақшы екен.

Рая ЕСКЕНДІР

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

ТӘРБИЕ – ТҰҒЫР, ТӘЛІМ – ТҰТҚА

Қазақ баласы қазір не оқып жүр?



Қазіргі балалар әдебиетінің, кішкентай достарымызға арналған заманауи мерзімді басылымдардың жай-күйі қалай? Қазақ баласына не жазып жүрміз? Бүгінгі балдырған не оқып жүр? Ұлттық құндылық пен баланың қызығушылығын қалай ұштастыруға болады? Сөз өнері жаңа медианың мүмкіндіктерін қалай пайдалануда?

«Қазақ газеттері» ЖШС-не қарайтын Алматы басылымдарының ұйымдастыруымен шаһардағы А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада «Ұрпақ тәрбиесі: балалар контенті және медиасауаттылықты арттыру» тақырыбында осы сауалдарға жауап іздеген «дөңгелек үстел» өтті. Басқосуға балалар жазушылары, өрендерге арналған басылымдардың редакторлары мен кітапхана мамандары қатысып, сапалы ұлттық контент қалыптастыру, медиасауаттылықты арттыру, бүгінгі баланың сұранысына сай жаңа бағыттарды дамыту және жасанды интеллект мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану мәселелерін талқылады.

«Дөңгелек үстел» басындағы әңгімеде, иә, бүгінгі баланың ақпараттық ортасы түбегейлі өзгергенін, соған сәйкес жеткіншектерге арналған әдебиет пен мерзімді басылымдардың мазмұны ғана емес, оны ұсыну тәсілі де жаңару керектігі сөз болды. Әсіресе, балалардың талғамын бұзатын дүниелерге абай болған жөн дейді қаламгерлер. Сондықтан олардың арасында ақпаратты тұтыну мәдениетін қалыптастыру ерекше маңызды.

Республикалық ғылыми кітапхана қызметкері Амангүл Емишова бүгінде жиі айтылып жүрген «балалар кітап оқымайды» деген пікірмен еш келіспейтінін тілге тиек етті.

«Кітапхана төрінде осындай өзекті мәселе көтеріліп жатқанына қуаныштымын. Балалар әдебиеті жоқ емес, бар. Оның дамуына осында отырған қаламгерлердің өзі үлкен үлес қосып келеді. Ал біз өз кезегімізде заманауи кітапханаға заманауи кітап қорын қалыптастыруға тырысып жүрміз. Біз барлық өңірде, мектеп

оқушылары арасында зерттеу, талдау жұмысын жүргізіп отырамыз. Сонда көзіміздің жеткені – кітап оқитын бала өте көп. Сондықтан «оқымайды» деп айтпасаңыздар екен, жүрегім ауырады осы сөзге. Балалардың кітап оқитынын сол ортада күнделікті біте қайнасып жүрген адам ретінде сенімді түрде айта аламын», – дейді Амангүл Емишова.

АЛАН & KIDS республикалық балалар журналының Бас редакторы Әсел Қанаш та сөз тізгінін ұстап, қазіргі балалар әдебиетіне баланың қиялын дамытатын шығармалар көбірек қажет екенін айтты. Қарапайым сюжет бүгінгі балаға аздық етеді деген ойын да алға тартты.

«Бірде екі ұлыммен «Өрмекші адам» мультфильміне бардым. Кинотеатрда ине шаншар орын жоқ. Соңғы екі орынды әрең алдық. Сонда «бұл мультфильмнің қандай құдіреті бар?» деп ойладым. Бізге баланың қиялын дамытатын дүниелер жетіспейді. Өзін тануға, ішкі әлемін түсінуге жетелейтін шығармалар керек. Балаларыма кітапханадан кітап алып барсам, оқуға уәде береді, бірақ бәрібір өздеріне ұнайтын кітаптарды таңдайды. Сондықтан олардың таңдауына құрметпен қарап, қазіргі оқырманның қызығушылығын зерттеу қажет. Қарапайым сюжетке құрылған әңгіме бүгінгі балаға қызық бола бермейді. Оның ой-өрісін әрі қарай жетелейтін шығармалар көбейсе екен», – дейді Әсел Қанаш.

Ал ғылыми-танымдық бағыттағы басылым шығарып жүрген жас технократ, публицист Садық Шерімбек балаларға арналған мерзімді басылым шығарудың өзіндік қиындығына тоқталды.

«Балалар әдебиетіне

қатысты осындай «дөңгелек үстелге» бірінші рет қатысып отырмын. Асқар Жұмаділдаев ағамыздың бастамасымен «Әл-Жәбрдің атасы» журналын шығардық. Біз баспа саласына технология арқылы келдік. Сонда мерзімді басылым шығару кітап шығарудан да қиын екенін түсіндік. Ай сайын жаңа мазмұн, тың тақырып дайындап, авторлармен тұрақты жұмыс істеу оңай емес. Дегенмен, ғылыми-танымдық контенттің балалардың сыни ойлауын дамыту мен медиа-сауаттылығын қалыптастырудағы маңызы зор», – деді Садық Шерімбек.

Сайып келгенде, «дөңгелек үстел» басындағы диалог барысында айтылған пікірлер бір арнаға тоғысып жатты. Мәселен, бүгінгі бала кітап пен газет-журналды ғана емес, әлеуметтік желіні, видео, анимацияны, комиксті, ойын мен жасанды интеллект өнімдерін қатар тұтынады. Сондықтан балаларға арналған әдеби шығармаларды заманауи визуалды форматтарға бейімдеу, қазақ фольклорының кейіпкерлерін комикс пен анимацияға әкелу, балалар кітаптарындағы иллюстрация сапасын арттыру, жазушы мен оқырман арасындағы байланысты күшейту жөнінде де ұсыныстар айтылды.

«Басылымдардың әлеуметтік желідегі парақшалары, арнайы тақырыптағы рилстар, әсіресе, балалардың, жасөспірімдердің психологиялық өтпелі кезеңіндегі өзімен бет-бет келетін мәселелерін қалай шешеді деген сияқты өзекті тақырыпты және соны цифрлық платформада көрсету арқылы оқырманға жақын болуды мақсат етіп отырмыз», – дейді «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директорының орынбасары Бағашар Тұрсынбайұлы.

Сонымен қатар, бүгінгідей ақпарат тасқыны күшейіп, жасанды интеллект күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналған тұста балаға ақпаратты тек тұтынуды емес, оны саралауды, дереккөзге сын көзбен қарауды және сапалы контентті таңдай білу жолын үйретудің маңызы артып отырғаны да тілге тиек болды.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Балалар контентіндегі көркемдік шешім

Ділдер МАМЫРБАЕВА, жазушы, ҚР мәдениет қайраткері:

– Баланы сапалы контентке бағыттау тек мектептің, жазушының немесе редакцияның міндеті емес. Оның кітап оқу мәдениетін қалыптастыруда отбасының жауапкершілігі де аса маңызды. Ең өкініштісі, кейбір ата-аналардың балаларымен отырып әңгімелесуге уақыты жоқ. Себебін жұмысбастылыққа әкеп тіреп қояды. Баланың жағдайын жасау бір бөлек те, онымен сөйлесу, ішкі дүниесін түсіну бір басқа. Сондықтан ата-аналармен де жұмыс істеуіміз керек. Біз, үлкендер, балаға «телефон қарамаңдар» деп аламыз да, өзіміз де соған жабысып қаламыз. Бос уақытта «кел, бірге оқиық» деп ата-ана баласын өзіне жақын тартып, кітапты бірге оқуы қажет. Кітап оқу мәдениеті отбасындағы қарым-қатынастың бір бөлігіне айналғанда ғана баланың әдебиетке қызығушылығы тұрақты қалыптасады.



Қанат ҚАЙЫМ, қаламгер, баспагер, халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің жүлдегері:



– Балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген жастар жетерлік. Соларға көңіл бөлініп жатқаны қуантады. Балалар әдебиеті секциясы аясында әзірге Алматы өңіріндегі ақын-жазушыларды көбірек қамтып жүрміз. Өңірлердегі балалар әдебиеті өкілдерін түгел қамтуға мүмкіндік аз болып тұр. Балалар оқитын әдебиеттің мазмұнына қатысты да мәселе көп. Қазір жасанды интеллект дәуірі жүріп тұр. Бірақ оны шамадан тыс қолданып кеткен жоқпыз ба деген сұрақ бар. Кей басылымдардағы ЖИ жасаған кейіпкерлердің түрі қазаққа ұқсамайды, көзінде оты жоқ, жансыз бейне болып шығады. Кітаптағы сурет баланы қызықтыруы керек. Бояуы қанық, көңілді әрі ойнақы болғаны жөн. Қазіргі кей кітаптардың мәтіні мен мазмұны тәуір болғанымен, суреті әлсіз. Осыны ескеруіміз керек.

Сәбит ДҮЙСЕНБИЕВ, жазушы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты:

– Немерелерім үшін газет-журналдарға жазылдық. «Балдырған» журналының тұрақты оқырманымыз. Кейінгі кезде журналда комикс жанрындағы материалдар жақсы шығып жүр. Бір нөмірінде Келтауысар, Желаяқ секілді кейіпкерлерді комикс түрінде беріпті. Немерелерім соны қызығып оқыды. Біраз уақыт өткен соң сол кейіпкерлерді сұрасам, ұмытпай айтып берді. Сондықтан балалар басылымдарындағы комикс жанрын дамыту керек. Яғни қазақ фольклорындағы кейіпкерлер заманауи визуалды форматта қайта ұсынылса, баланың ұлттық әдебиетке қызығушылығын арттыруға болады. Демек, комикс баланың тек назарын аударудың тәсілі емес, халық ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлерді жаңа буынның санасына орнықтырудың да тиімді құралы бола алады.



Заря ЖҰМАНОВА, қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері:



– Балалар контентінде көркемдік шешіммен қатар, оқиға логикасына да мұқият қарау керек деп ойлаймын. Өткенде немерелеріммен бірге «Бесік жыры» әніне түсірілген бейнебаянды көрдім. Киіз үйде құндақтағы бөпесімен жас ана қалады. Отағасы аң аулауға кетеді. Ана бесік жырын айтып отырғанда, әуезді әннің үніне еліткен аң-құс киіз үйдің маңына жинала қалады. Бірақ күйеуі сол аңдарды аулауға кеткен жоқ па? Міне, оқиғаның логикасына мән беруіміз керек деп отырғаным сондықтан. Яғни балаларға арналған өнімде қисын мен мазмұн қатар жүруі тиіс. Жеткіншектерге арналған дүниенің әр деталі баланың санасына әсер етеді. Сондықтан мультфильм мен бейнеөнімнің мазмұнына үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз дұрыс.

Елдос ТОҚТАРБАЙ, жазушы, әдебиет сыншысы, алаштанушы-ғалым:

– Кейде қаламгерлер «балаларға шығарма жаздым» дейді. Бірақ шын мәнінде бүгінгі бала туралы емес, өзінің балалық шағы туралы жазып отырғанын байқамайды. Сондықтан балаларға арналған шығарма мен балалар туралы шығарманың аражігін ажырататын уақыт келді. Қазіргі баланың өмірін, ортасын, сұранысын ескеруіміз керек. Мектеп оқулықтарындағы ғылыми тілді де жеңілдету қажет. Оқулықты ғалым жазады, ал кейін оны мұғалім балаға қайта түсіндіруге мәжбүр болады. Бізде жылда балалар лагерьлері жұмыс істейді. Қаламгерлермен сол орындарда кездесулер ұйымдастырып тұрсақ. «Балдырғанның» әр нөмірі бір кітап десем, қателеспеймін. «Ақ желкен», «Ұланның» да жаздық лагерь сөрелерінде тұруын қамтамасыз етсек, одан ұтпасақ ұтылмаймыз.



Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Дәрігер ізденісте болуы керек

– «Қазақ әйелдері үй шаруасымен көп айналысып, көп бала табады, сондықтан варико́з жиі кездеседі» деген пікір қаншалықты дұрыс? Дәстүрлі тұрмыс салты мен варико́здың арасында байланыс бар ма?

– Варико́здың пайда болуында тұқым қуалайтын бейімділіктің орны ерекше. Ғылыми деректерге қарасаңыз, тамырлар түзілісінің, шамамен, 60 пайызы генетикалық факторларға байланысты екені айтылады. Яғни адамда бұл ауруға бейімділік туғаннан болуы мүмкін. Ата-анадан немесе ата-әжеден берілуі ықтимал. Ал қалған бөлігі адамның өмір салтына байланысты. Артық салмақ, жүктілік, ұзақ уақыт бойы тік тұрып жұмыс істеу, күйзеліс, дұрыс тамақтанбау, ұйқының бұзылуы секілді жағдайлар аурудың ертерек байқалуына әсер етуі мүмкін. Сондықтан варико́здың шығуына қазақтың салт-дәстүрі кінәлі деп айтқанымыз дұрыс емес. Мәселен, он баланы дүниеге әкелген әйелде варико́з болмауы мүмкін. Ал екі баласы бар әйелде керісінше, аурудың ауыр түрі кездесуі ықтимал. Мұнда адамның жеке ерекшелігі мен тұқым қуалайтын бейімділігі маңызды рөл атқарады.

– Медицинада бұл бағытта қандай мәселелер бар? Емдеу әдістері жаңарды ма?

– Біздің негізгі бағытымыз – варико́з, флебология және лимфа жүйесіне қатысты ауруларды емдеу. Соңғы жылдары әйелдер арасында кездесетін жатыр веналарының варико́зына да ерекше көңіл бөліп, осы бағытта зерттеу жүргізіп, тың тәжірибе жасап келеміз. Зерттеу нәтижесінде жатыр веналарының варико́зын емдеуге арналған өзіндік әдісімізді әзірледік. Биыл бұл әдіс халықаралық деңгейде патенттелді. Әрине, тек өз тәжірибемізге сүйеніп қалмаймыз. Өйткені, медицина саласы үнемі жаңарып отырады. Әлемде қан тамырлары мен варико́зды емдеуге қатысты қандай да бір жаңа әдіс-тәсілдер пайда болса, соны зерттеп, меңгеріп, тәжірибемізге енгізуге тырысамыз. Жылына кемінде екі рет шетелге шығып, білім-білігімізді ортаға саламыз. Еуропа елдерінде, Жапонияда, Германияда, Қытайда болдық. Түркия мен Өзбекстанда тәжірибелік сабақтар өткіздік. Қазақстандағы әріптестерімізге де кеңес беріп, тәжірибе бөлісіп жүрміз. Біздің ұстанымымыз – үйренгенімізді өзімізде ғана қалдырмай, басқа мамандарға да жеткізу.

Қазір тіңді барынша аз зақымдайтын әдістер кеңінен қолданылып келеді. Яғни бұрынғыдай үлкен тілік жасап, науқасты ұзақ уақыт ауруханада ұстап, қол-аяғын орап қойып жатқызу міндеті емес деген сөз. Көп жағдайда сыналай емдеу әдісіне жүгінеміз. Науқас емнен кейін көп ұзамай жүріп, күнделікті тіршілігіне орала алады. Бұл енді заманауи медицинаның жетістігі. Сондықтан дәрігер де үнемі ізденісте болуы керек. Әлемдік тәжірибеде не болып жатқанын бақылап, тиімді әдістерді өз бетінше меңгеруі қажет.

– Варико́зды көбіне сыртқы келбетке қатысты мәселе ретінде қабылдайтын-дар бар. Ал оның денсаулыққа қаупі қандай?

– Варико́зды тек эстетикалық мәселе деп қабылдауға болмайды. Әрине, аяғын түзу, әдемі болса дейтін адамдардың тілек-қалауы түсінікті. Қазір әйелдер аяқтарындағы көзге көрінетін тамырлардан арылғысы келетінін ашық айтады. Бірақ емдеудің басты мақсаты – сұлулық емес, денсаулық. Ең алдымен, аурудың асқынуына жол бермеу керек. Соның бірі – қан ұйындысының түзілуі. Мұндай үдеріс адам өміріне қауіп төндіріп, қайғылы жағдайға дейін жеткізуі мүмкін. Кейде әйелдер отбасындағы түсініспеушілікке немесе үлкендердің қарсылығына байланысты ауруын жасырып, дәрігерге қаралуды кейінге қалдырады. Ел ішінде «Бұрынғы әйелдердің бәрі осылай жүрген» деген түсінік те кездеседі. Мұндай көзқарас түбегейлі өзгеруге тиіс. Варико́зды емдеу, ең алдымен, адамның денсаулығы мен өмір сапасын сақтау

Кейде нашар дағдылардан пайда болатын сырқаттардың себебін салт-дәстүрге жабатын пікірлер кездеседі. Әрине, салауатты өмір жауапкершілігін арқалаудан көрі салт-дәстүрді сынау оңай болар. Хирург-флеболог, варико́з, флебология және лимфа жүйесіне қатысты ауруларды емдеуде өз әдісін қалыптастырған білікті дәрігер Қаныш Бауыржанұлымен осы және өзге тақырыптар бойынша сұхбаттасудың сәті түсті. Әңгімеізді кейінкеріміздің өз саласына қатысты сұрақтан бастадық.



ВАРИКО́З

себебі салт-дәстүрде емес

үшін қажет. Сыртқы көрініс – одан кейінгі мәселе.

– Варико́з жасы ұлғайған адамдарда ғана бола ма сонда?

– Бұл – қате түсінік. Варико́з белгілі бір жасқа ғана тән емес. Кейде жасөспірімдерден де анықталады. Тіпті 15 жастағы қыздарда кездесетін жағдайлар бар. Жас кезде адам ауруды айтарлықтай сезбеуі мүмкін. Күнделікті тіршілігін жалғастыра береді, шаршаса демалып, қайта қалпына келеді. Бірақ уақыт өте келе мәселе күрделене түсуі мүмкін. Жасы ұлғайған адамда варико́зға қоса қант диабеті, буын аурулары немесе басқа да созылмалы дерттер болуы ықтимал. Мұндай кезде аяқтағы қан тамырларының жағдайы күнделікті өмірге, жүріс-түрісқа әсер етеді. Сондықтан «жасым келгенде емделемін» деп ұзағынан күтпеген дұрыс. Варико́з анықталса, дер кезінде арнаулы маманға қаралған жөн.

«Ең маңыздысы – өмір сапасы»

– Бұл ауру адамның өмір сапасына қалай әсер етеді?

– Ауру асқынған кезде адамның күнделікті мүмкіндігі шектелуі мүмкін. Мәселен, егде жастағы пациенттер арасында бірнеше ауру қатар кездеседі. Аяқтағы варико́з қозғалысты қиындатып, сапарға шығуға, демалуға, қарапайым тұрмыстық жұмыстарды атқаруға кедергі келтіруі ықтимал. Сондықтан біздің мақсатымыз – тамырдағы өзгерісті сырттай ғана жою емес. Ең маңыздысы – адамның өмір сапасын жақсарту. Адам еркін қозғалып, ауырсынусыз жүріп, күнделікті тіршілігін қалыпты жалғастыра алуы керек. Медициналық көмектің мәні де осында.

– Соңғы жылдары қоғамның варико́зға деген көзқарасы өзгерді ме?

– Өзгерді. Әсіресе, соңғы үш-төрт

жылда бұл тақырыпты ашық талдауға деген қызығушылық артты. Бұрын адамдар аяқтағы ұсақ тамырларға мән бермейтін, кейбірі оны жасырып жүретін. Қазір ақпарат көп. Әлеуметтік желілер арқылы адамдар аурудың белгілері мен емдеу жолдары туралы біліп жатыр. Емдеу тәсілдерінің қалай жүргізілетінін көріп жүр. Аз жарақаттайтын әдістердің барын, емнен кейін ұзақ уақыт төсек тартып жатудың міндетті емес екенін біледі. Сондықтан дәрігерге ертерек жүгінетіндер көбейді. Бұл – қоғамның денсаулыққа деген жауапкершілігі артып келе жатқанын көрсетеді.

«Алматы құшақ жая қарсы алды»

– Бұл бағытта клиника ашуға не түрткі болғанын айта аласыз ба?

– Осы саладағы досым Нұрғазы екеуімізді халық денсаулығын жақсартуға себіміз тисе деген шынайы мақсат біріктірді. Бір күні досым медицинадағы өзіміздің бағыт бойынша орталық ашу идеясын ұсынды. Мен қолдай кеттім. Осылайша 2019 жылы алғашқы орталығымызды Ақтау қаласында аштық. Шағын ғана орталығымызға сұраныс артып, Маңғыстау облысынан ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен пациенттер арнайы келе бастады. Уақыт өткен сайын саны көбейгендіктен, елдің өзге өңірлерінде де клиника ашуға тура келді. Астана мен Шымкенттен кейін, Алматы сынды ірі мегаполисте де клиникамызды ашып, емге зәру азаматтарға қызмет көрсетіп жатырмыз. Бұл істе пайда табуды емес, адамдарға көмек көрсетуді алдыңғы орынға қойдық. Осы ниенімізге сай ісіміз де оң бағытта келеді. Денсаулығына алаңдап, жазылып кетсем екен деген үміттің жетегінде келетін адамдардың жағдайын көрген сайын осы істің жауапкершілігін терең сезіне түсеміз.

– Алматыда жаңа клиникамызды аштық деп айтып қалдыңыз? Алматылықтар бұл бастаманы қалай қабылдады?

– Алматы халқы бізді құшақ жая қарсы алды. Клиникаға келген адамдардың қуанышын күн сайын көріп жүрміз. Көпшілігі «Сіздерді күттік, Алматыда клиника ашылғанына қуаныштымыз» деп ризашылығын білдіреді. Тіпті клиника ашылмай тұрып-ақ әлеуметтік желі арқылы бізге хабарласып, Алматыда жұмыс істеуімізді сұрағандар болды. Сондықтан бұл қаладағы жұмысымызға халықтың сұранысы да себеп болды. Абай атамның «толық адам» туралы ілімі бар. Біреудің жетістігі не шын қуана білу де – адам бойындағы жақсы қасиет. Алматыда бізді осындай ықыласпен қарсы алған адамдардың көп екеніне қуаныштымыз.

– Клиникаға тек Алматы тұрғындары ғана келе ме?

– Жоқ. Бізге Қазақстанның барлық өңірінен, тіпті шетелден де пациенттер келеді. Қазір адамдар қажет болса басқа қалаға барып, өзіне қажетті медициналық көмекті алуға мүмкіндік іздейді. Алматыдағы сұраныс өте жоғары. Кей күндері екі дәрігердің өзі жүзден астам пациентті қарап, емдейді. Жұмысымыз таңертең ерте басталып, түнге дейін жалғасып жатады. Бұл – біз үшін үлкен жауапкершілік. Сонымен бірге, халықтың бізге деген сенімін көрсетеді.

– Байқағаным, қазір Орталық Азия бойынша бұл бағытта бәсекелестік бар. Сіздер мұндай қызу бәсекеге дайынсыздар ма?

– Біз біреумен жарысамыз, біреулерді басып озамыз деп жұмыс істемейміз. Біздің басты міндетіміз – пациентке сапалы медициналық көмек көрсету. Біз үшін емделушілеріміздің тыңайып, қайтадан «шауып кеткені», кейінгі жағдайының жақсарғаны, шынайы ризашылығы, ақ батасын бергені өте маңызды. Егер пациент бізге келіп, қажетті көмегін алып, қалыпты өміріне қайта оралса, сол – біздің ең үлкен нәтижеміз.

Қазақ дәрігерлерінің тәжірибесі

– Шетелді мойындатып, тың тәжірибе алмасу жұмыстары қалай жүріп жатыр?

– Тағы да айтамын. Қазір аурулар да жасарып келеді, медицина да бір орында тұрған жоқ. Сондықтан дәрігеріміз үнемі білімін жетілдіріп отыруы керек. Біз жылына кемінде екі рет шетелге барып, тәжірибе алмасамыз. Еуропа елдерінде, Жапонияда, Германияда, Қытайда болдық. Түркияда тәжірибелік сабақтар өткіздік. Өзбекстанға да бірнеше рет барып, көрген-білгенімізді бөлістік. Қазақстанда да әріптестерімізге арналған мастер-кластар өткізіп жүрміз. Түркиядағы Стамбул қаласында бірнеше бөлімшесі бар ірі клиникалардың бірінде тәжірибе алмасуға мүмкіндік болды. Мұндай кездесулер бізге жаңа әдістерді үйренуге ғана емес, қазақстандық дәрігерлердің тәжірибесін халықаралық ортада танытуға мүмкіндік береді. Біздің ұстанымымыз – өзіміз үйренгенімізді өзімізде ғана сақтап, жасырып қалмау. Әріптестерімізге айтып, ақ-қарасын көрсетіп, бірлескен түрде медицинаның дамуына үлес қосу.

– Алдағы мақсаттарыңыз қандай?

– Ең басты мақсатымыз – осы бағыттағы зерттеу жұмыстарын жалғастыра, заманауи емдеу тәсілдерін меңгеру және пациенттерге сапалы медициналық көмек көрсету. Варико́зды емдеу бір ғана әдіс шеңберінде шектелмейді. Медицина дамыған сайын жаңа технология пайда болады. Біз сол өзгерістерді үнемі бақылап, тиімді тәсілдерді тәжірибеге енгізуге тырысамыз. Біздің мақсатымыз – біреумен жарысу емес. Адамға көмектесу. Пациенттің денсаулығын жақсартып, өмір сапасын арттыруға үлес қоса алсақ, еңбегіміздің нәтижесі де, мәні де – сол.

– Еңбегіңіз жемісті болсын!

Сұхбаттасқан
Дастан ҚАСТАЙ.



ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

БАЛА ЕҢБЕГІНІҢ БАҒАСЫ

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, 16 жасқа толмаған балаларды жұмысқа тартуға болмайды. Бірақ халықаралық еңбек ұйымының ұсынысына сәйкес, 14 жастан бастап жеңіл жұмыс істеуге рұқсат беріледі. ҚР Статистика бюросының есебі бойынша Алматыда 14–18 жас аралығындағы 5300-ге жуық жасөспірім еңбекке тартылған екен. Олардың көбі жаз мезгілінде табыс табу мақсатында жұмыс істейді.



Қаладағы ірі дүкендер мен азық-түлік қоймаларында таңмен таласа жүк тасып жүрген балаларды кездестіресіз. Олар көбіне 13–17 жас аралығындағы балалар. Әр жеткізілген тауар үшін 200–300 теңге алады. Кейде одан да көп болуы мүмкін.

– Жазда ауылға бармай қалада жұмыс істеймін. Әкем қайтыс болған, анам үй шаруасымен айналысады. Үш бауырым бар. Таңертең сағат жетіден бастап кешке дейін дүкендерге жүк тасимын. Арба жалдаймыз, кейде өзіміз-ақ тасып, жеткізіп береміз. Түскен ақшаны анама апарып беремін, – дейді 10-сынып оқушысы Нұрбақыт Әділханұлы.

Қаршадай Асқар асыраушы болып жүр

Жаз шығысымен Асқар қала базарларының маңында жүріп су сатады. Жыл сайын пластикалық бөтелкедегі су мен полиэтилен пакеттерді сатып-ақ әжептеуір қаражат жинап алады екен. Әр бөтелкеден 20–50 теңге, әр пакеттің үстінен – 10 теңге пайда көреді. Айтуынша, күні бойы тапқан табысы – 1500–2000 теңге. Ал 14 жастағы Әділеттің таңертең апарған суы тез өтіп кететін көрінеді. Алайда, бұл табыстың көбі өз қалтасына емес, жанұяның күнделікті қажеттілігіне жұмсалады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, көмелет жасына толмағандардың көше еңбегі табыс табудың ең нашар түрі болып есептеледі. Себебі, олар жиі психологиялық, физикалық қысымға ұшырайды және еңбек шарты да реттелмеген.

Маңызды шарт

Қаладағы сұлулық салондарында қызмет көрсетіп жүрген жас қыздардың қатары да мол. Бұл да көзге көрінбейтін табыс түрінің бірі. Дегенмен, олар көбіне шаштараздың көмекшісі болып, келушілерге ақпарат берумен шектеледі. Бұл күні Алматыда арнайы тіркелген 4000-нан астам сұлулық салоны бар. Осы салондардың кем дегенде 30%-ында жас көмекшілер жұмыс істейді. Олардың дені колледж студенттері немесе мектеп оқушы-

лары. *«Менің жасым 17-де. Сән индустриясын жақсы көремін. Мектепті аяқтаған соң, арнайы курс оқып, салонға көмекші болып кірдім. Қазір орта есеппен күніне 5-6 келушінің шашын жуып, кептіріп беремін. Осы жерде жүріп маникюр жасауды да меңгеріп алдым. Айына 180–220 мың теңге табыс табамын. Бұл мен үшін үлкен көмек, әрі болашақтағы кәсібім деп ойлаймын, –* дейді Айдана Нұрлыбек.

Қыздардың көпшілігі еңбек шартынсыз жұмыс істейді. Бірақ бұл кәсіп арқылы олар өмір мектебінен өтуде, табыс табуда, кейде отбасының негізгі асыраушысына айналуда.

Z буынның заманында

Курьерлер мен мобилді жұмысшылар – Z ұрпағының жаңа табысы. Соңғы екі жылда Алматыда 16–21 жас аралығындағы курьерлер саны екі есеге артқан. Бұл туралы «Glovo Kazakhstan» компаниясының ішкі есебі жариялаған болатын. Қаладағы курьерлердің 28%-ы – студенттер. Күніне 5–7 сағат жұмыс істеп, 8000–12 000 теңгеге дейін табыс табады.

– Бір жағынан жақсы, табысы жаман емес. Бірақ қауіп көп. Жолда апат болуы мүмкін, тапсырысты уақытылы жеткізбесең, айыппұл салынады, – дейді 19 жастағы курьер Фабит Нұрәліұлы.

Психологтар мен әлеуметтанушылардың пікірінше, балалардың еңбекке тым ерте араласуы қалыпты жағдай емес. Бұл экономикалық теңсіздіктің көрінісі. Отбасындағы әлеуметтік қиындық, ата-ананың жұмыссыздығы, көлеңкелі экономиканың кеңдігі баланы еңбекке итермелейді. Бұл балалар кейін өмірлік мотивацияны жоғалтып, өз құқығын қорғай алмайтын, шаршаған ұрпаққа айналуы мүмкін, – дейді әлеуметтанушы Арайлым Сейітқұлова.

Бүгін еңбекке ерте араласқан жасөспірімнің күні ертең ірі компанияның директоры болуы да мүмкін. Дегенмен, оған апаратын жол заңды, әділетті, қауіпсіз болуға тиіс.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес он бес жұмыс күні ішінде 2026 жылғы 31 тамыздан 23 қыркүйек аралығында ҚО ТРЖ ҰДБ ақпараттық жүйесінде (<https://ndbecology.gov.kz>) Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Ботагөз» шағынауданы, 1/1 мекенжайында орналасқан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны өндіру кешеніне арналған экологиялық рұқсат алуға қатысты жобалық құжаттама бойынша көпшілік талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Құжаттамамен ҚО ТРЖ ҰДБ ақпараттық жүйесінде (<https://ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ жергілікті атқарушы орган – «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ сайтында танысуға болады, <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/about?lang=ru>, тел.: +7 (727) 338-31-88, e-mail: uprirp@mail.ru

Тапсырыс беруші: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны. БСН 020340004264. Тел.: 8 707 881 38 20.

Әзірлеуші: ТОО «Бик Экоلودжи», тел.: 8 777 113 57 57.

«Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 87-бабының 4-тармағына және «Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы №286 бұйрығының 4-тарауына сәйкес Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінде «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағын кеңейтудің техникалық-экономикалық негіздемесі» жобасы бойынша (Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Ерменсай» шағынауданы) жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды.

«Жария талқылаулар 2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап 20 жұмыс күні бойы Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің порталында келесі мекенжай бойынша өткізіледі: <https://ndbecology.gov.kz/>.»

Ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген мерзім ішінде <https://ndbecology.gov.kz/> порталы арқылы немесе Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының электрондық поштасына ecology@almaty.gov.kz, ecology.02@mail.ru жолданады.

Бастамашы: «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Сүртібаев көшесі, 1/1, БСН 960540000718, тел.: 8 (7272) 297-07-72, e-mail: alataupark@mail.ru.

Жобалаушы: «Терра» «Қашықтықтан зондтау және ГАЖ орталығы» ЖШС, тел.: +7 (727) 236-08-74, 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Көктөбе» шағынауданы, Роза Бағланова көшесі, 83-үй, БСН 990240008036, e-mail: info@gis-terra.kz.

Жергілікті атқарушы орган: Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, тел.: +7 (727) 338-31-88, e-mail: ecology@almaty.gov.kz, ecology.02@mail.ru.

Жоба Ұлттық деректер банкінің порталында және жергілікті атқарушы органның ресми сайтында орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=26476> («Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде).

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«Алматы электр станциялары» АҚ бұған дейін 2026 жылғы 21 тамызда сағат 11.00-ге жоспарланған «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО өндірістік департаменті үшін Кешенді экологиялық рұқсат алу мақсатында әзірленген құжаттардың жобаларын (ЖБШН, ЖБТН, ҚББ, ӘЭБ бағдарламасы, Технологиялық нормативтер жобасы, Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының жобасы) талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар форс-мажорлық жағдайларға байланысты 2026 жылғы 29 қыркүйекте, сағат 11.00-ге ауыстырылатынын хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекенжайындағы «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО аумағындағы химиялық цехтың акт залында (307-каб.) өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен Қазақстан Республикасы қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=26476> сілтемелері арқылы танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары – 43,2389 с.е., 76.8490 ш.б., ал әсер ету аумағының географиялық координаттары Алатау ауданы – 43.3004 с.е., 76.8353 ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде, сондай-ақ келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Республика алаңы, 4, тел.: +7 (727) 338-31-88, электрондық пошта: uprirp@mail.ru. Веб-сайтқа сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco?lang=ru>

Төтенше жағдай режимі енгізілген және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі.

Белсенді сілтеме Қазақстан Республикасы қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде және Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында орналастырылады.

Онлайн қосылу сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/86419532143?pwd=8EXPzneVn4W8GvQ03oeXVbQjVwd7pB.1>

Конференция идентификаторы: 864 1953 2143

Рұқсат коды: C4W0XF

Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.

Әзірлеушінің деректемелері: «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 58А, БСН 910840000078, байланыстағы тұлға: Нестерова Юлия, e-mail: u.nesterova@kner.kz, 8 701 210 98 00.

Қосымша ақпаратты келесі байланыс деректері арқылы алуға болады: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.

8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

**«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз**

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 252 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» ауе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.**

ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ – 100

СЕРКЕБАЕВТЫ САҒЫНҒАНДА...

Биыл қазақ ән өнерінің мэтрі атанған Ермек Серкебаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Осынау айтулы оқиғаға орай халқымызды дүние жүзіне танытып кеткен Серкебаевтың өткен өмірі мен шығармашылығы туралы тарихи кітап жарыққа шықты. Жаңа туындымен таныстыру өнер иесінің барлық ғұмыры өткен Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының шаңырағында өтті.

«Ермек Серкебаев. И жизнь, и молодость, и счастье...» деп аталатын кітаптың авторы Ирина Серкебаева. Кітаптың алғашқы басылымы 2009 жылы жарық көрсе, араға 17 жыл салып Ирина Ермекқызы әкесінің өмірі мен шығармашылық жолын жаңа деректермен, зерттеулермен, басқа да құнды материалдармен толықтыра түскен. Сонымен, кітаптың тұсаукесеріне Ирина Серкебаева АҚШ-тан арнайы келіп қатысса, Серкебаевтар әулетінен Мұрат Серкебаев, Байғали Серкебаев және Жәмила Серкебаева қатысты.

Жалпы оқырманға жол тартқан жаңа басылымда Ермек Серкебаевтың шығармашылық тұлғасының қалыптасуына ықпал еткен кеңестік өнер кеңістігі мен сол дәуірден сыр тартқан тараулар қамтылған. Сондай-ақ, кітапта камералық музыка мен қазақтың халық әндеріне қатысты зерттеулер, өнердегі ұстаздары туралы өмірбаяндық деректер жан-жақты қарастырылады.

Бұған қоса, басылымның мазмұны жаңа құжаттармен, сирек кездесетін фотосуреттермен және Ермек Серкебаевтың өмірінің әр кезеңін тереңірек танытуға мүмкіндік беретін тарихи материалдармен толықтырылған. Кітапта әншінің балалық шағы, отбасы, білімі, театрдағы қызметі, музыка әлеміндегі шығармашылық жолы, сондай-ақ әріптестері мен достары туралы естеліктер де терең қамтылған. Бұл кітап қазақ өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі Самородок Серкебаевтың өмірі мен шығармашылығы, тұтас бір дәуірдің, өнер адамының тағдыры.

Рая ЕСКЕНДІР.



ТУРИЗМ



Қаламызда Орталық Азияда алғаш рет TBEX Asia 2026 халықаралық форумы сәтті аяқталды. Алып шаһар төрт күн бойы тревел-блогерлердің, журналистердің, инфлюенсерлер мен туризм саласы мамандарының назарында болды. Олар Алматыны аралап, Қазақстанның табиғаты мен мәдениетімен танысты. Ең бастысы – еліміздің саяхаттауға тұрарлық бағыт екенін әлемдік аудиторияға жеткізді.

Әлемнің әр түкпірінен келген 250-ден астам қатысушының шамамен 300 миллион адамды қамтитын аудиториясы бар. Бұл – Алматының туристік әлеуетін әлемдік деңгейде таныстырудың тағы бір мүмкіндігі. Себебі, әрбір креатор өз оқырмандарына қаланы жарнама арқылы емес, жеке тәжірибесі, көргені, сезгені арқылы таныстырады. Байқасаңыз, бүгінгі саяхатшылар бағыт таңдағанда әлеуметтік желідегі шынайы контентке көбірек сүйенеді. Сондықтан Алматының таулары, көшелері, асханасы мен тұрғындары туралы қатысушылардың жазбалары мен бейнематериалдары Қазақстанға қызығушылық танытатын жаңа аудитория қалыптастырады.

TBEX қатысушыларының ішінде әлемге танымал авторлар да бар. Мәселен, америкалық блогер Christopher Reese Joonderph (Authentic Traveling) – 3 миллионнан астам оқырманы бар. Филиппиндік тревел-инфлюенсер әрі YouTube-креатор Wil Dasovich-тің Instagram желісінде шамамен 1 млн. оқырманы бар. Ал мысырлық саяхатшы Ahmed Haggag «XXI ғасырдың Ибн Баттутасы» атанған,

оның Instagram-да 1,3 миллионнан астам жазылушысы бар. Олардың әрқайсысы қаланы тек аралап қоймайды: тау бөктеріне шығып, жергілікті тағамдардан дәм татып, тұрғындармен тілдесіп, сол әсерін фото, видео, сторис, бейнеролик және блог форматында бөлісуде.

Британдық тревел-блогер әрі экспедиция ұйымдастырушысы Уилл Хаттон да алған әсерімен бөлісті:

– Шынымды айтсам, Қазақстан туралы көп біле бермейтінмін. Бірақ әзірге алған әсерім өте жақсы. Тағамы керемет, ал адамдар өте мейірімді әрі ашық, – деді ол. Мұндай пікірлер Алматының туристік келбетін қалыптастыруда маңызды.

Сонымен қатар, форумның іскерлік бағдарламасы да қызу өтті: сарапшылардың баяндамалары, тақырыптық сессия, туристік бағыттардың таныстырылымы, кәсіби кездесу мен нетворкинг ұйымдас-тырылды. Қатысушылар Алматының мүмкіндіктерімен танысып қана қоймай, бүкіл әлемдік туризм индустриясының өзекті мәселелерін де талқылады.



TBEX Asia-ның дәл Алматыда өтуі де тегін емес. Бұл қаланы тек демалыс орны емес, халықаралық сала мамандары бас қосатын ірі орталық ретінде танытуға мүмкіндік береді. Бірнеше күн ішінде жүздеген авторлар Алматыны әр қырынан таныстырды. Форум аяқталғанымен, жұмысы тоқтамайды. Қатысушылар түсірген материалдар мен жазбалар әлеуметтік желілерде таралып, алдағы айларда да Алматы туралы қызығушылықты арттыра береді.

Бытыр Түркияның Стамбул қаласында Мелек есімді түрік қызымен танысып, аз уақыттың ішінде жақын құрбыға айналып кеттік. Биыл сол құрбымыз Алматыға келіпті. Арнайы келген сыйлы қонаққа әсем қаламызды аралатып, Алматыны әр қырынан көрсеткім келді.

Қазақ тағамдарынан дәм татырмаққа, алдымен мейрамханалардың біріне апар-

дым. Алдымызға қазы-қарта, бауырсақ, құрт пен ет әкелді. Мелек болса бәрін қызықтап қарап отырды. Бауырсақтан ауыз тиіп:

– Ммм..., өте дәмді екен, – дейді.

– Бауырсақ қой. Қазақтың дастарханында жиі болады, – деймін. Еттен де, қазы-қартадан да ауыз тиді:

– Мұны бұрын жеп көрмеппін. Дәмі ерекше екен...

Мелектің әр тағамнан сүйсіне дәм татып, құшырлана жегеніне қарап, өзіміз күнде көріп жүрген дүниелердің қадірін тағы бір түсінгендей болдым.

Рас, Алматыда қазір дәмхана көп. Көшенің әр бұрышынан тамақ ішетін орын табуға болады. Бір жерде ұлттық тағамдар ұсынылса, енді бір жерде заманауи ас мәзірі бар. Таңертең кофе ішіп отырған жастарды, түскі уақытта асығып тамақтанып отырған қала тұрғындарын, кешке бала-шағасымен ауқаттанатын отбасыларды жиі көреміз. Байқасаңыз, Алматының гастрономиялық өмірі осындай қарапайым көріністерден тұрады.

Соңғы жылдары шетелдіктердің Алматыдағы мейрамханалар мен дәмханаларда қазақтың ұлттық тағамдарына қызығушылығы артты. Жақында Алматыға халықаралық Food and Travel басылымының редакциялық тобы келді. Almaty Tourism Bureau қолдауымен келген журналистер қаланың мейрамханалары мен дәмханаларын аралап, жергілікті гастрономиялық жобалармен және базарлармен танысып жатыр. Қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татып жергілікті өнімдер мен дәстүрлі рецептерге жасалған жаңа көзқарастарды көріп жүр.

Food and Travel 1997 жылдан бері саяхат пен гастрономия туралы жазып келеді. Қазір журнал Ұлыбритания, Германия, Италия, Мексика, Түркия және Грекия нарықтарында жарық көреді. Әлбетте, мұндай басылымның Алматыға келіп, қаланың тағам мәдениетіне қызығушылық танытып жатқаны қуанарлық жайт. Оның үстіне, биыл Алматы гастрономиясы туралы халықаралық деңгейде бірнеше жақсы жаңалық болды. Америкалық Eater басылымы қаланы Where to Eat 2026 тізіміне енгізді. Алматының төрт мекемесі The World's 50 Best Discovery тізімінен орын алды.

Бұрын Алматы туралы сөз болғанда, ойымызға ең алдымен таулар, апорт, жасыл желекке оранған көшелер түсетін. Ал қазір оған қаланың дәмханаларын, мейрамханаларын, базарларын да қосуға болады.

Демек, мың жасаған шаһардың дәмі де бөлек. Оған көп дәлелдің бірі ретінде Food and Travel журналистерінің сапарын айтсақ та жеткілікті...

Әзірлеген Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 534,64 теңге

\$ USD/KZT 456,88 теңге

₽ RUB/KZT 5,47 теңге

¥ CNY/KZT 67,98 теңге